

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Жаһандық ҚҰЗЫРЕТТЕР

Негізгі орта білім беру деңгейінің
6-сыныптарына арналған оқулық

(МАКЕТ)

6

Оқулық негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы бағдарламасы бойынша жазылды. Оқушының жас ерекшелігіне сәйкес, жаһандық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Шартты белгілер



Талда

– ұсынылған ақпаратты талдау, өз түсінігін айту (жазу)



Өзіндік жұмыс

– жұппен, топпен, жеке орындалатын тапсырмалар,



Ойна да ойла!

– ойын түріндегі қызықты тапсырмалар



Қызықты ақпарат

– тақырыпқа қатысты қызықты қосымша мәліметтер



Түйін сөз

– сабақ мазмұнына қатысты ойларды түйіндейтін сөздер



Маңызды ақпарат

– тақырыпқа қатысты мәліметтермен танысу



Біліміңді тексер!

– кері байланыс, сабақ соңында өзіне ұнаған маңызды ақпарат туралы ой бөлісу.



Смартфондағы «Play Market» (OC Android базасында) немесе «Apple App Store» (OC iOS базасында) дүкенінен «Сканер QR» қосымшасын тегін жүктеп алу керек.

Оқулықтағы QR-код арқылы берілген тапсырмаларды орындау үшін жүктелген қосымшаны ашып, QR-кодқа бағыттау керек.

Ескерту: кейбір смартфондардың камералары еш қосымшасыз бірден QR-кодты аша алады.

Зерделі жас! 6-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттер» оқулығы – жаһанданған әлемде өмір сүру үшін қажетті білім мен дағдыларды игеруге көмек көзі.

Бүгінгі әлем өте жылдам өзгеріп отырғандықтан, ойлау икемділігі, түрлі құбылыстар мен оқиғаларды түсіну және күрделі мәселелерді шеше білу аса маңызды. Уақыт ғылым мен техниканың дамуына қарай тұлғаның терең білімді, шығармашылықпен жұмыс істеу мен ойлауы жоғары болуын талап етеді. Ол дағдыларды дамытуда осы оқулық сенің айнымас досың болып табылады. Оқулық бес бөлімнен тұрады.

«Этика және әдеп» бөлімінде адалдық, тәртіп, жауапкершілік сияқты жеке қасиеттеріңді дамытуға, «Азаматтық және патриотизм» бөлімінде өз Отаныңа деген адал пейілің мен махаббатыңды көрсетіп, азаматтық ұстанымыңды қалыптастыруға бағдар аласың.

«Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» бөлімінде меди-акеңістік туралы ақпаратпен танысып және қаржыны басқару, өзіңнің қаржылық әл-ауқатыңды бағдарлауды қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыруға бағдар аласың. «Өмір сүру қауіпсіздігі» бөлімі қауіпсіз өмір дағдыларын меңгеруге, «Экологиялық мәдениет» бөлімі өз денсаулығына, табиғатқа, қоршаған ортаға ұқыпты, тиынақты тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұл айдарлар білімді игеруде және тапсырма орындауда жүйелі қадамдар ретінде қарастырылған.

Оқулық сыни ойлау, қарым-қатынас дағдылар және белсенді азаматтық көзқарас қалыптастыруды қызықты тапсырма, жағдаятпен жұмыс, практикалық жұмыс бағыттары арқылы жүзеге асыруға бағыттайды.

Олай болса, білім-білік дағдыларын дамытып, болашаққа батыл қадам жаса, жас өркен!

1-БӨЛІМ.

ЭТИКА ЖӘНЕ ӘДЕП

Досым, сен бұл бөлімде:

«құрдас» сөзінің мағынасын біліп, құрдастар ортасы туралы мағлұмат аласың; шешім қабылдау, уақытты бағалауды үйренесің; эмоцияны басқару туралы түсінік аласың; «Буллинг» деген не екенін, оны тоқтату жолдарымен танысасың.



§ 1.

Мен және менің құрдастарым

Меңгерілетін білім:

- Құрдас ұғымына қатысты түсінік
- Арманы, ойы бір жандар.
- Құрдастар ортасы – еркін даму алаңы.

Кел, ойланайық!

- Құрдас деп кімді атайды?
- Сенің құрдастарың қандай?

Түйін сөздер

Құрдас, дос, жолдас, құрбы, жекжат

Бір жылда дүниеге келген адамдарды «құрдас» деп атайды. Мәселен, сенің сыныптастарың – сенің құрдастарың. Олардың сенімен жасы да сәйкес, алға қойған мақсаттары үйлесімді. Құрдастар мектепте немесе мектептен тыс іс-шаралар кезінде көп уақытты бірге өткізеді (1-сурет). Бірігіп шығармашылықпен, өздері ұнататын іспен айналысады. Олар достық, ынтымақтастық топтарын құра алады.

Құрдастармен араласу, өзара ынтымақтаса жұмыс істеу істеу аса тиімді. Бірін-бірі жақсы түсінетін жағымды психологиялық орта қалыптасады. Құрдастар ортасы – жеке тұлға ретінде қалыптасуға, ой-өрісті дамытуға, ізденуге, білім толтыруға ықпал ететін тәжірибе алаңы.



1-сурет. Құрдастар



Маңызды ақпарат

Құрдас – бір жылы туған адамдар. Кейде құрдас адамдардың туған жылы, айы, тіпті күні де сай келуі мүмкін. Оларды «түйдей құрдас» деп атайды.

«Құрдастар» сөзі көбінесе дамудың бір деңгейінде тұрған сыныптастарға қатысты қолданылады.

Құрдастардың қарым-қатынасы сенімге құрылады. Үлкендерге айта алмаған ойды құрдасқа еркін айта алады. Өнерді де, сабақты да достарымен тез меңгереді.

Қазақта әзілі мен ойыны жарасқан құрдастарды «тай-құлындай тебіскен» деп суреттейді. Сендер де сыныптастарыңмен балалық шақтың ойыны жарасқан әдемі кезеңін бастан кешудесіңдер. Халқымыз «құрдастың айтқан әзіліне, қалжыңына өкпелеме» деп кешірім мен татулыққа баулиды. Халық арасында «құрдас қалжыңы» деген ұғым бар. Ол ойын түрінде көрініс беретін тапқырлыққа негізделген, әртістік қабілетті танытатын әрекет. Құрдастар қалжыңы туралы қазақ әдебиетінде де мысалдар баршылық. Күнделікті өмірімізде де кең таралған түсінік.

Қазіргі кезде құрдастардың қарым-қатынасы өлеуметтік желі, интернет арқылы қарқынды бола түсті. Өлеуметтік желілерде оңай байланысып, ақпарат алмасу мүмкіндігі кеңейді. Бір-бірімен өздерін қызықтыратын тақырыптарды талдап, өздері орындаған жұмыстарымен, бейнетүсірілімдерімен алмасады.

Даму үшін қолайлы орта болғанмен, экранға тәуелділіктің жоғарылауы, виртуалды байланыстың теріс әсері және т. б. теріс нәтижелер орын алуы мүмкін. Осы бағытта теріс мазмұнды материалдар мен жағымсыз әрекетке үндейтін хабар алмасудан абай болған орынды. Ал тіл үйрену немесе ұнататын істерді (шешендік өнерді меңгеру, сурет салып үйрену, музыкалық аспапта ойнау т.т.) үйренуге, өзінді дамытуға уақыт бөлген өте дұрыс.



Талда!

Мақалдарды талдап, құрдастар туралы монолог құрастырыңдар.

Мақалдар

1. Жақсы құрдас демейді,
Жаман құрдас шенейді.
2. Құрдасы жақсының құлатар тауы бар.
3. Құрдас – жамандыққа мойын бұрмас.
4. Құрдасы мықтының – қамалы берік.



Қазақ халқының ерекше ғұрпы – құрдас қалжыңы. Бұл түсінік өзге түркі тілдес халықтарда кездеспейді екен. Құрдасына әдемі әзіл айту – жарасымды әрекет. Әзілмен сынап, еркелетіп алады. «Құрдастар ғой, қалжыңдасып жатыр, аман болсын!» деп үлкендер сүйсініп отырады.

Ата-баба салтында,
«Құрдас қалжың» жарасқан.
Сағынысып көрісіп,
Әзілдесіп тарасқан.

«Түйдей құрдас келді», – деп,
Түйе сыйлап сый қылған.
«Жағаласып туған», – деп,
Әзілдесіп жыр қылған.

«Суға кетті сиыр», – деп,
Суға да алдап түсірген.
«Қарны ашты», – деп бәрінің,
Қой сойғызып, пісірткен.

Қанша әзілдеп жатса да,
Ренжімес жан құрдас.
Әзіл, қалжың жарасқан,
Тілі тәтті бал құрдас.

А.Асыл



«Жаңылма» – құрдастардың ұлттық ойыны. Ортаға шыққан бала түрлі қол қимылдарын (қоянның құлағын бейнелеу, оң көз, сол көз, екі көзін жабу ретін, мұрны мен құлағын оң және сол қолдарымен ұстау ретін т.б.) жылдам көрсетіп, өзінен кейін қайталап отырған балаларды жаңылдыруға тырысады. Жаңылған балалар сұрақтарға жауап береді.

1. Құрдасыңды қандай табиғат құбылысына теңер едің?
2. Құрдасыңның қандай қасиеттері саған ұнайды

3. Құрдасыңмен айналысатын қандай ортақ қызығушылықтарың бар?
4. Құрдасыңа қандай әзіл сыйлық арнар едің?



Өзіндік жұмыс

Жағдаяттық тапсырма

Мектепте Айжан деген қыздың достары болмады, ол өзін жалғыз сезінді. Бір күні сыныпқа «Жансая» есімді жаңа оқушы келді. Жансая бірге отыратын Айжанның өзгелермен араласпай-тынын байқады. Ол: «Біз құрдаспыз, демек біз өте жақсы дос та бола аламыз» деп дос болуды ұсынды. Айжан бұл ұсынысқа қатты қуанды. Екі қыз ажырамас достарға айналды. Жансая оған гүл өсіруді, әдемі моншақтар жасауды үйретті. Әр ісін «Айжанның ақылымен жасадым, Айжан өзі жасап шықты» деп таныстыратын. Енді сыныптастардың Айжанға деген көзқарасы өзгерді. Айжан өзге оқушылар арасында танымал бола бастады. Өзіне құрмет көрсетілген сайын досын ұмыта бастады. Айжанның іс-әрекетіне баға бер. Ол дұрыс жасады ма?



Білімді тексер!

1. Тақырыптағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Құрдастар деп кімдерді айтады?
3. Құрдастардың адам өмірінде қандай маңызы бар?
4. Құрдастар бір-бірімен қалай араласуы керек деп ойлайсың?

§ 2.

Шешім қабылдаймыз. Уақытты бағалауды үйренеміз



Меңгерілетін білім:

- Шешім қабылдау жауапкершілігі, шешім қабылдау негізі мен шешім түрлері туралы түсінік аламыз.
- Уақыт ерекше түсінік екенін түсінеміз.
- Уақытты ұтымды пайдалануды үйренеміз.



Кел, ойланайық!

- Шешім қабылдау дегенді қалай түсінесің?
- Өзің қандай маңызды шешім қабылдадың?
- Уақыттың маңыздылығын қалай түсінесің?



Түйін сөздер

Шешім түрі, тәуекел, уақыт, уақытты бағалау



Маңызды ақпарат

Шешім қабылдаудың ерекше түрлері:

1. Эвристикалық шешім – шектеулі уақытта, дағдарыс жағдайында тапқырлықпен, жылдам қабылданған шешім.
2. Автоматты түрде шешім қабылдау – талдау жасап, жан-жақты ойланбастан, үйреншікті әрекет негізінде қабылданған шешім.

Шешім қабылдау жауапкершілікті, ойлануды, пайымдауды талап етеді. Бұл – бір мәселені шешу үшін, жағдайды оңалту үшін, алдында тұрған нұсқалардың біреуін немесе бірнешеуін таңдайтын әрекет түрі. Шешім қабылдау – өмірдің көптеген салаларында, мысалы, жұмыс, бизнес, жеке қатынастар және тағы басқа бағыттарда маңызды әрекет. Шешім қабылдау түрлі факторларға, логикалық ойлау, пайымдауға, эмоцияларға негізделуі мүмкін. Ол ақпарат, дерек, мәліметтерді жан-жақты талдау негізінде болғаны дұрыс. Шешім қабылдау қиын әрі күрделі болады. Ол тек талдап қоймай, жағдайды бағалауды, нәтижені болжауды және басқа адамдармен кеңесуді қажет етеді.

Шешім қабылдаудың түрлері:

1. Интуитивті шешім қабылдау түйсікке, ішкі сезімге құрылған.
2. Ұтымды шешім қабылдау – логикалық талдауға, ақпарат жинауға және барлық факторларды өлшеу.
3. Қосымша шешім қабылдау өзгертін жағдайларда қосалқы шешім қарастыруға негізделеді.

Қосымша ақпарат жинау немесе қиын жағдайды түсіну үшін шешімді белгісіз уақытқа кейінге қалдыру да орын алады.

Шешім қабылдау уақытпен байланысты. Маңызды шешімді ұзақ

уақыт ойланып қабылдайды. Уақыт шектеулі болғанда тез шешім қабылдануы мүмкін.

Уақыт – құнды түсінік. Ол – қайтып оралмайтын, тек алға ғана жүріп отыратын қозғалысты есептейтін өлшем. Уақытты бағалап, тиімді қолдана білу өте маңызды.

Уақытты тиімді пайдалану үшін уақытты жоспарлауды үйрену керек. Уақытты бағалау дағдысын дамытатын, тіпті оң шешім жасауға мүмкіндік түрі – имитациялық шешім қабылдау. Ол жоспарланатын істі, біріншіден, модельдеу яғни кесте, сызба, анимациялық т.б. түрде қарастыру. Екіншіден, имитация жасау, өзін сол әлемдегі маман ретінде елестету т.т. Оның мысалын сендер жоба қорғағанда, рөлдік, іскерлік ойындар үлгісі ретінде жақсы білесіңдер (2-сурет).



2-сурет. Рөлдік ойындар

Уақыт – белгіленген кезеңнен бастап азая беретін, кейін оралмайтын қозғалыс өлшемі. Сондықтан оны барынша тиімді пайдалану керек. Сен уақытты бағала, ісінді жоспарла, қажетті шешім қабылдап үйрен. Сонда нағыз іскер, табысты азамат боласың!



Талда!

Берілген пікірлерді талдап, өз тұжырымдарыңды нақыл сөз түрінде қорытындылаңдар.

1. Арзан әңгімеге құмар адам, қымбат уақытын жоғалтады. Джон Дэвисон Рокфеллер
2. Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?
Бәрі өтеді: дәуірлер, замандар да.
Менің жаным ашиды мына өмірді
Өтпейтіндей көретін адамдарға!
Мұқағали Мақатаев
3. Уақытты босқа өткізу ең ауыр шығын.
Жорж - Луи Бюффон
4. Уақыт – ақша.
Бенджамин Франклин.
5. Сіздің әл-ауқатыңыз шешімдеріңізге байланысты.
Джон Рокфеллер
6. Мәтінді тыңдап, батыр атамыз Бауыржан Момышұлының қандай қасиеттерді ұстануды өсиет еткенін ұғыныңдар. Сендер 100 жылдан кейінгі ұрпаққа қандай хат жазар едіңдер?



Қызықты ақпарат

Алғаш рет әлем бойынша уақытты бір жүйеге келтіріп, сағат бойынша жүруге дағдыланған ел – ежелгі Египет. Олар Күннің жүру қозғалысы бойынша уақытты анықтайтын күн сағатын шығарды. Ал Қытайда б.з.д. 4000 жылы су сағаттары пайда болды.

Дамудың келесі кезеңінде адамзат баласы құмсағаттарға көшті. Бүгінгі күні олардың қолданылу аясы медициналық салада ғана іске асады. (3-сурет)



3-сурет. Күн, құм, су сағаты

Алғашқы қол сағаттар 1812 жылы Неополитан королдігінде жасалды. Қазіргі кезде микрокомпьютердің көмегімен смарт-сағаттар шығарылды. Олар тек уақытты көрсетіп қана қоймай, адамның қан қысымын, тамыр соғысын да дәл көрсетеді.



Өзіндік жұмыс

Жағдаяттық тапсырма

«Жылдам шешім» ойыны

Берілген әр сұрақ бойынша тез шешім қабылдап, оны дауыстап айту керек. Әрқайсысы қандай шешім түрі екенін атап, дәлелде.

1. Досың сені қатты ренжітті. Сен қалай әрекет етер едің?
2. Демалыста болған кезде сен белгісіз жерде адасып қалдың. Сенің келесі қадамың қандай болады?
3. Мектепке бара жатып, аяқкиімнің жыртылып қалса, сен не істер едің?



Ойна да ойла!

Отбасындағы шешім қабылдауға қатысты «Иерархиялық шешім» тақырыбындағы рөлдік ойынды орындаңдар.

Иерархиялық шешім қабылдау – буындық басқару құрылымы кезеңдеріндегі әрекет. Мысалы: маңызды шешімдер отбасындағы ұрпақтар буынының сараптауынан өтеді. Отбасылық басқарудың жоғарғы деңгейі – атаң мен әжең болса, орта буында ана, әкең, төмен деңгейде өзің мен бауырларың.



Ойынның шарты бойынша өзіңе ғылыми жоба қорғау үшін немесе үйірмеге қажет болған затты атайсыз (мысалы: планшет, жаңа телефон, қобыз т.т.). Ол отбасылық шығында жоспарланбаған болсын. Отбасы мүшелері кестеде көрсетілгендей иерархиялық деңгейде өз шешімдерін қабылдауы керек. Шешім сенің пайдаңа шешілмеген жағдайда өзіңнің тығырықтан шығу шешімің қандай болатыны да ойластыруың керек.

Отбасындағы жиынның шешімін кестеге жазып отыр. Ойын нәтижесін достарыңмен талда.

Жекелей пікір	Қабылданған пікір	Өз шешімім
Аға буын		
Орта буын		
Кіші буын		



Білімді тексер!

1. Тақырыптағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Пікір: шешім қабылдау – жауапкершілік, уақытты бағалау – еңбек-қорлық пен іскерлік!
Ойымды түсіндіріп кетсем,
Пікірімді дәлелдесем:.....
Соңғы қорытынды ойым,

§ 3.

Біз эмоциямызды басқара аламыз. Буллинг деген не?

● Меңгерілетін білім:

- Эмоция және эмоцияны басқара білу.
- Буллинг туралы ақпарат.

● Кел, ойланайық!

- Эмоция деген қандай ұғым?
- Эмоцияға берілу деген не?
- Өз эмоцияңды басқару дегенді қалай түсінесің?
- Буллинг деген не?

📖 Түйін сөздер

Сезім, қуаныш, ашу, қайғы, қорқыныш, таңдану, бақыт, қанағаттану, толқу, көңілсіздік, жек көру, қызғаныш, апатия, жәбірленуші, қорлаушы, қорлау, зорлық-зомбылық Интернет, кибербуллинг.

📄 Маңызды ақпарат

Шешім қабылдауда және түсініспеушілік туындаған жағдайды реттеуде эмоцияны басқара білу өте маңызды.

Буллинг – басқа адамға үстемдік ету мақсатында агрессивті мінез-құлық көрсету. Моббинг түрлері: бойкот, тиісу, келемеждеу, хабарламалар арқылы жалған ақпаратпен жан тыныштығын алу.

Түрлі психологиялық кедергілер адамды оң немесе теріс шешім жасайтын психологиялық әрекеттерге тірейді:


- психологиялық қорғаныш табу;
- Адамды жәбірлеп, өзін қанағаттандыратын қатыгездікке қадам жасау;
- көнбістік танытатын құрбандыққа айналу.

Сублимация – қиындық тудырған энергияны позитивті түрде әлеуметтік тұрғыдан өнімді, қолайлы арнаға бағыттау.

Жігерлілік, ерік, төзімділік, сабырлылық сияқты адамның жеке қасиеттері арқылы адамның мінезі танылады. Сонымен бірге адамның өз ісіне жауапкершілігі, табандылығы, басқа адамдармен қарым-қатынасын қалыптастыруы оның тұлғалық болмысын толықтыра түседі.

Атқарылған жұмыс барысында адамның сезімі, көңіл күйі де бай-қалады. Ол іс-әрекет барысында абдырап, мазасыздануы мүмкін. Байсалдылықпен мәселелерді шешу жолдарын іздеп, достарының жеңісіне, әріптестің табысына қуанады. Эмоция жағымды (қуаныш, қанағат, махаббат және т.б.) және жағымсыз (ашу, қорқыныш, қайғы, жеккөрушілік және т.б.) қырларынан көрінуі мүмкін. Эмоция түрлерін біліп, өз сезімдерін нәтижелі басқара білетін адам – азаматтық ойы бар, жауапкершілігі жоғары тұлға.

Эмоцияның негізгі түрлеріне қуаныш, қайғы, ашу, қорқыныш, таңдану, ұят, жиіркеніш, бақыт жатады (4-сурет).



4-сурет. Эмоциялар

Түрлі сезімдер шоғырланып адам өміріне ықпал ететін оң немесе жағымсыз әрекеттер түрінде көрінуі мүмкін. Мысалы: адамдарға қолдау көрсету, үміт сыйлау, басқа адамдардың қуаныш, бақыт сезімдерін бастан кешуге мүмкіндік туғызу. Егер мұңайып, қиналып жүрген достарыңа ерекше туған күн ұйымдастырып, оның жақсы қасиеттерін жариялап, қолдау көрсетсеңдер, онда таңдану, қуаныш, өзіне деген сенім, тіпті бақыт сезімін сыйлағандарыңа көздерің жетеді. Ал еңсесі түскен адамға түсіністік танытпай мазаққа айналдыру, көзіңе көрінген ұнамсыз қасиет, қабілеттерді жіпке тізіп, күлкіге айналдыру жиіркеніш, қорқыныш, үмітті ұзу т.б. сезімдеріне негіз болады. Ол адамды жапа шегуге, қорлауға, буллинг жасауға бастау болады.

Буллинг – қорқыту, психологиялық зорлық-зомбылық, жәбірлеу, күш көрсету әрекеттері. Бұл бір рет қана болмай, қайталанып, еселене беретін әрекет. Ол адам, адамгершілік деген ұғымдарды жоққа шығарады. Буллинг пен моббингке ұшыраған досыңа қолдау көрсету – ерен ерлік. Ол суға батып бар жатқан адамды құтқарғанмен бірдей.

Өз эмоциясын басқара алған адам зейінін, назарын тек жақсы әрекетке бағыттайды. Шығармашылықпен айналысу, спортпен шұғылдану, өзіне қуаныш сыйлайтын істі ұйымдастыру сияқты өнімді әрекеттерге бағыттайды.

Осындай өз сезімін теріс бағыттан оң бағытқа, істерін өзі ұна- татын пайдалы жұмыс бағытына арнаған адам – нағыз жеңімпаз!



Жеке және топпен орындауға арналған тапсырмалардың өздеріңе ұнағанын таңдап, орындаңдар.

1. «Қорқыту – әлсіздің әрекеті» тақырыбында эссе жаз.
2. Қорқытудың жағымсыз әрекет екені және оның салдары туралы презентация жаса.
3. Өлең мазмұнын талдап, эмоцияны басқару туралы пікірге негіздендер.

...Ерегесіп ұрыспа.
Сенікі жөн болса да,
Атың шықпас дұрысқа.
Мінезі жаман адамға
Енді қайтып жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен
Жалған айтып суыспа.
Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа.
Ашу дұспан, артынан
Түсіп кетсең қайтесің
Түбі терең қуысқа!..

Асанқайғы



Балалар ғана емес, ересектер де кейде мазасыздық, ашу, қорқынышты сезінеді. Бұл – қалыпты нәрсе. Бірақ эмоцияларды басқара білу керек. Оның мынадай психологиялық әдістері бар:

Терең тыныстау. Ең қарапайым және тиімді әдіс. Жағымсыз оқиға орын алғанда өзінді ретке келтіру үшін терең, баяу дем алып, баяу дем шығару керек. 4-5 рет қайтала.

Ұстамдылықты ұштау. Егер біреу тіл тигізсе, көзқарасыңды қабылдамаса, дәрекілік көрсету сезіміне жол берме. Ішіңнен жиырмаға дейін санап, назарыңды әдемі көрініс немесе суретке бұр.

Сананы сергіту. Жабыққан сәтте, мазасыздық пен жағымсыз эмоция көңілге көлеңке түсірген кезде зейінді өзі ұнатып айналысатын іске бұру өте пайдалы. Сурет салу, ән айту, гүл өсіру, сирек заттар топтамасын жинау т.б. көңілі қалаған істі қолға алу ойды сергітіп, ризашылық сезімін үстейді.



Өзіндік жұмыс

Оқиға желісін талдап, әйелдің балаларға не себепті ренжігенін түсіндіріңдер. Мейірімділік, қамқорлық, жанашырлықты насихаттайтын мазмұндағы суреттері бар буклеттер дайындаңдар.

Көршінің иті ызалана тап-тап береді. Шарбақтың басында бір кішкентай мысық бүрісіп отыр. Иттен қорыққанынан арқасын күжірейтіп, ысылдаған дыбыс шығарды. Оны терезеден көрген бір әйел сыртқа жүгіріп шықты. Әйел қолындағы таяғымен итті қуып жіберді. Анадай жерде оқиғаның соңын күткен екі бала состиып қарап тұр еді.

– Ұялмайсыңдар ма? – деді әйел балаларға.

– Біз не істедік? – деп таңданды екі бала. – Біз жай ғана тұрмыз ғой.

– Міне, ең жаманы осы, – деді әйел...



Ойна да ойла!

1. Рөлдік ойын. Сендердің араларыңдағы ең жақын достарың физикалық зорлық-зомбылыққа ұшырады делік. Мәселені шешу нұсқаларын рөлдік ойын түрінде көрсетіңдер.
Рөлдер: буллинг жасаушы, жәбірленуші, куәгерлер, мамандар т.т..
2. Бір апта ішінде эмоцияларыңды саналы түрде бақылайтын эксперимент жаса. Кез келген эмоцияны сезінген сайын журналға жаз және оны қалай жеңгеніңді сипатта.

Бүгінгі көңіл-күйім	Орын алған оқиға	Қалыптасқан психологиялық ахуал	Менің әрекетім мен шешімім



Біліміңді тексер!

1. Бүгінгі тақырып бойынша қандай маңызды ақпарат алдым деп ойлайсың?
2. Эмоцияны басқара білу туралы не білдің?
3. Буллинг туралы не білдің? Оны қалай тоқтату керек?

2-БӨЛІМ.

АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ

Досым, сен бұл бөлімде:

«Мен үшін Отан деген не?» сұрағына
жауап бересің; «туған жерге деген махаб-
бат», «туған халқы мен Отанға деген
адалдық» ұғымдарымен танысасың.



§ 4.

Мен үшін Отан деген не?

Меңгерілетін білім:

- «Отан» ұғымының құндылығын түсінеміз.
- Отанға деген құрметті таныту жолдарын білеміз.

Кел, ойланайық!

- Өз Отаның туралы ұғым қандай түсініктерден басталады?
- Сен «Отан» дегенді қалай түсіндірер едің?



Түйін сөздер

Отан, құрмет, парыз, атамекен, туған жер, ауыл, туған ел, отбасы,



Маңызды ақпарат

Қазақ халқының ең қасиетті ұғымдары – атажұрт, атамекен. Ол – Ұлы дала, бабалар қонысы, біздің Отанымыз.

Отан – Ана!

Адам өз Отанын анасындай құрметтейді, сүйеді, қорғайды, Отаны бар адам – бақытты адам.

Адам үшін «Отан» сөзі ең аяулы, қасиетті ұғым екенін білесің ғой, жас өрен. Бәріміз үшін жүрегіміздің түкпірінен орын алатын аяулы атамекен, сүйікті Отан бар – Қазақстан!

Қазақта «Отан отбасынан басталады» деген керемет даналық сөз бар. Расында солай, елдіктің ұғымын білдіретін қарапайым түсінік сенің отбасыңнан басталады. Отан – сенің халқың, өмір сүріп отырған сүйікті мекенің. Ал оның ең кішкене бөлшегі – сен, сенің достарың, отбасың (5-сурет).

Отан-Ана деген қолданыс бар. Сондықтан әр адам өз Отанына махаббаты мен құрметін арнайды. Отан – әр перзентіне рух беретін күш. Отаны бар жан – ең бақытты адам. Алыста жүрсе де, Отанына деген сезімі жүрегінде болады. Отан – құнды қазына, баға жетпес байлық. Ол – сенің елің, бал балалық сыйлаған, өскен жерің.

Менің елім, менің елім,

Гүлің болып егілемін,

Жырың болып төгілемін, елім!

Туған жерім менің – Қазақстаным!

Әнұран сөздерін айтып тұрғанда, түсініп, жаттаған кезде, ол орындалған сәтте барлық адам ерекше сезімге бөленеді. Қазақстанның тауы мен даласын, табиғаты мен адамдарын, достарын көз алдына елестететін болар, ерекше шаттықпен ән сөздеріне қосылады. Мақтаныш сезімі байқалады. Сен теледидардан спорттық ойындар жеңімпазының

құрметіне Әнұран орындалған сәтін көрдің бе? Спортшының көзінде жас тұрады, бүкіл стадион жаңғырып, көк ту көтерген адамдардың үні көкке шарықтайды. Жеңімпаз өзінің қазақ баласы екенін мақтан тұтатыны сезіледі.

Отанды сүю – батылдық пен ерлікке баулитын сезім. Ол – Отан алдындағы жауапкершілікті сезіну. Отанын шын сүйген ер – нағыз елжанды азамат. Ол өз Отанына, оның әр тал ағашына, адамдары мен өзге тіршілік иелеріне құрметпен, қамқорлықпен қарайды.

Қазақ жері – бабалардың ең асыл мұрасы. Әр бала: «Мен үшін менің Отаным – бақыт мекені. Онда әлемдегі ең дарынды, ең талантты, ең ақылды адамдар тұрады. Өз Отанымды мақтан тұтамын!» деп шын жүректен өз сезімін жеткізуге құқылы.



5-сурет. Туған жер



1. Үш топқа бөлініп, үш шумаққа қатысты дәлел, дәйек келтіре отырып, өз пікірлеріңді түсіндіріңдер.

Отан

Отан – сенің, ата-анаң,
Отан – досың, бауырың.
Отан – өлкең, астанаң,
Отан – аудан, ауылың.
Отан – тарих, Отан тіл,
Жасаған елің, ер халқың.

Отан – өлең, Отан жыр,
Көтерген көкке ел даңқын...
Отан осы, достарым,
Көңілге мұны түйе біл.
«Отан» деп өс, жас қауым,
Оны ардақтап, сүйе біл.

Б.Бісқақов

2. Бейнежазбаны көріп, Қазақстанның жеті кереметімен танысыңдар. Олар туралы мәліметтер жинақтаңдар.



Қазақстанның батыс аймағы Еуропа құрлығының жерінде жатыр. Қазақтар «Жайық» деп атайтын Орал өзені – Еуропа мен Азияны бөліп тұратын шекара. Ал еліміздің солтүстігі, шығысы мен оңтүстігі Азия құрлығында орналасқан.

Қазақстан Республикасының аумағы – 2,7 миллион шаршы километрді құрайды. Еліміздің Еділ өзенінің төменгі ағысынан Алтай тауына дейінгі ұзындығы 3000 километрдей болса, Батыс Сібір жазығынан Іле Алатауына дейінгі аралығы 1600 километрден астам. Қазақстанның табиғаты мейлінше алуан түрлі. Оның байтақ жерінде тау да, төбелер мен жазықтар да бар. Қазақстан жерінің ең биік нүктесі – Хан Тәңірі шыңы теңіз деңгейінен 6995 метр жоғары, ал ең төменгі нүктесі – Қарақия ойпаты теңіз деңгейінен 132 метр төмен жатыр.

Жерінің аумағы жөнінен ол дүниежүзінде 9-орында тұр. Мұндай жерге Франция сияқты 5 мемлекет сыяды.

Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы 15 мың километрге жетеді. Еліміз батысы мен солтүстігінде Ресей Федерациясымен, оңтүстігінде Түрікменстан, Өзбекстан және Қырғызстан Республикаларымен, ал шығысында Қытай Халық Республикасымен шекаралас.

Қазақстандағы өсімдіктердің жалпы түрлері 6 мыңнан астам. Олардың ішінде емдік қасиеті барлары, сирек кездесетін түрлері де бар. Ал құстардың түрі 500-ден астам. Өзен-көлдерде балықтың 107 түрі өсіп-өніп жатса, далалар мен ормандардағы жабайы аңдардың түрі 178-ге жетеді екен. Ел аумағының 1/10 бөлігін таулар алып жатыр.

el.kz «Қамшы» сілтейді



Өзіндік жұмыс

«Туады ерлер ел үшін» тақырыбында ізденіп, қазақ жерін қорғаған батырлар туралы жоба қорғайндар.



Ойна да ойла!

Өріп таңдау» ойыны. Жүргізуші таратқан әріпті алған бала сұрақтарға тек сол әріптен басталатын сөздермен жауап беруі керек.

Үлгі:

- Атың кім?
- Серік.
- Қайдан келдің?
- Семейден.
- Сүйікті сусыныңның атауы қандай?
- Сүт (сорпа)...



Білімді тексер!

1. Тақырыптағы ең маңызды ақпарат не деп ойлайсың?
2. Сен үшін «Отан» сөзі нені білдіреді?
3. Отаның үшін қандай еңбек сіңіре аламын деп ойлайсың?

§ 5.

Туған жерге деген махаббат. Туған халқы мен Отанға деген адалдық

Меңгерілетін білім:

- Туған жерге деген махаббат не екенін түсінеміз.
- Өз туған жеріміздің ерекшелігін танимыз.
- Елжандылық пен Отан-сүйгіштік сезімін бойға сіңіреміз

Кел, ойланайық!

- Туған жер адамға неге қымбат?
- Туған жеріңнің тарихын білесің бе?
- Адалдық деген ұғымды қалай түсінесің?
- Елге, Отанға деген адалдыққа қандай мысал келтірер едің?

Түйін сөздер

Туған жер, туған өлке, тарих, құндылық, парыз, Отанды сүю.

Маңызды ақпарат

Туған жер – киелі мекен;
Атадан қалған асыл мұра;
Туған жер тарихы – елдің тарихы, халық шежіресі.
Туған жерге, елге деген адалдық – бағалы қасиет.
Қазыбек би: «Алтын ұяң – Отан қымбат... Туып өскен елің қымбат, кіндік кескен жерің қымбат» деген баға берген.

«Озған ел тарихын таспен жазады» деген даналық сөз қазақ даласының сипатын ашып тұрғандай. Қазақ жерінің әр тасында тарихтың таңбасы, бабалардың хаты бар. Қазақстанның әр түкпірінен келген бала мақтанып айтатындай тарихи ескерткіштер баршылық. Алматы облысында Күнбасты адам суреті салынған ежелгі жартастар, Түркістанда Яссауи кесенесі (6-сурет), Атырауда су шайып жатқан көне Сарайшық, Шығыс Қазақстанда Берел қорғаны, Көкшетауда әр тасы аңыз Оқжетпес (7-сурет), Сыр бойындағы Қорқыт бабаға қойылған ескерткіш (8-сурет) және т.б.

Өзінің туған жерінің тарихын білетін адам – өз елін әлемге таныта білетін, айтары бар адам. Әркімнің туған жері – өзіне жердің төресі. «Елім», «Отаным» деген қасиетті ұғым өз ауылынан, өз өлкесінен басталады.

Туған жердің тарихын білу өзінің, отбасының, әулетінің, туып-өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. Өз елінің тарихын зерттеп, таныған әр адам елін ешкімге таптатпайтын,

тарихымен мақтана білер намысты ұрпақ болып өседі. Туған жер – адам үшін киелі ұғым. Отанына адал қызмет ету – перзент парызы. Адалдық – адам мінезіндегі бағалы қасиет. Туған халқы мен Отанға адалдықты әр адам жүрегінде сақтайды. Бірі туған елдің табиғатына деген қамқорлықпен, екіншісі, елге деген сезімін өнері арқылы жеткізсе, үшіншісі оның тарихын зерттеп ізгілігін танытады. Келесілері әскери қызметі, дәрігерлік көмегі немесе оқу-ағарту жұмысы арқылы танытады. Сол мекенде өмір сүріп отырған адам туған жер мен Отанға деген адалдығын жеткізуі – перзенттік борышы!

Кешегі «Оян, қазақ!» деп дабыл қаққан Міржақып, елінің ғылымын дамытуға үлес қосқан Ахмет, Мағжан, Жүсіпбектердей ұлтының құнды қазынасын бағалайтын ел перзенттері болады.

Туған жер – тұнған тарих. Өз өлкеңнің тарихына терең үңіліп, оны зерттеп-зерделе. Ол – сенің болашаққа апаратын тарихың, рухани байлығың.



6-сурет. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі



7-сурет. Оқжетпес жартасы



8-сурет. Қорқыт ата ескерткіші



Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындандар.

1-топ. Аңыздың кейіпкерін суреттендер. Оқиға барысында оның қандай қасиеттері айқындалды? Патшаның өміріне жусан иісінің қандай әсері болды?

2-топ. Бұл аңыз қандай тақырыпқа арналған? Бұл оқиғадан қандай сабақ алуға болады? Патша қандай қасиеттерінің арқасында қиыншылықтарды жеңіп, өз еліне оралды?

3-топ. Патша неге өз еліне оралды? Оған не себеп болды? Егер осы патша сияқты жағдайға душар болсаң, қандай естеліктер мен иістер сені туған жерге оралуға жетелер еді?

Жусанда туған жердің иісі бар.

Баяғы заманда қазақтың Бейбарыс деген ұлын соғысқан елдің адамдары ұстап алып, құлдыққа сатып жіберіпті. Бейбарыс бүкіл өмірін Мысыр елінде өткізіпті. Қайдан келгенін есіне түсіре алмапты. Бейбарыс уақыт өте келе өзінің мықтылығының арқасында әскербасы болып, кейін елді басқарған патша болыпты. Оның Бейбарыс деген атына «сұлтан» деген атақ қосылған. Бір күні Бейбарыс сұлтан серуендеп жүріп, өсіп тұрған жусанға көзі түсіпті. Өлгі жусанды жұлып алып иіскейді. Жусанның иісі оның есіне туған жерін түсіріпті. Туған жерін сағынған патша өз атамекеніне оралыпты. Содан бастап қазақта «Жусанда туған жердің иісі бар» деген сөз қалыпты.



2017 жылы Қытай жерінде «I am a singer» байқауы 14 кезең бойынша өткізілді. Әлемдік сахна төрінде ел өнерінің намысын талантты қазақ перзенті Димаш Құдайбергенов қорғады. Байқаудың әр кезеңінде өнерімен, ерекше қазақи болмысымен таңғалдырған әншіні әлем жұртшылығы «таңдайына бұлбұл ұялаған» әнші деп жарыса

жазды. Байқаудың бір шарты әлемдік деңгейде орындалған танымал туындыларды орындау болса да, әнші өз арманын жүзеге асырды. Ол қазақ әнін әлемдік танымал әндер топтамасына енгізуді армандаған екен. 7-кезеңде халқымыздың төл туындысы «Дайдидау» әнін сәтті орындап шықты. Әділ қазылар алқасының танымал емес әнді орындағаны үшін көрсеткішті төмендететінін білсе де, Отанының өнері мен мәдениетін әлемдік деңгейге шығару үшін тәуекелге барды. Ол – үлкен ерлік!

Сол ерлігінің арқасында әлем жұртшылығы «Дайдидау» әнін таныды. Қазақ әніне үздік баға берді. Әлемдегі әнсүйер қауым, Жер шарындағы түрлі ұлт өкілдері қазақ тілінде осы әнді орындап, өз бейнетүсірілімдерін жариялай бастады.

Димаш қазақ әніне заңды құқық, ерекше өмір сыйлады. Оны кез келген елдің әншілері байқауда орындау үшін, спорттық би өкілдері билеу үшін таңдай алады. Димаш – өз елінің отаншыл, лайықты азаматы.



Өзіндік жұмыс

Топпен жұмыс


1-топ. *«Менің туған жерім» тақырыбында бейнеролик дайындаңдар.*

2-топ. *Димаш Құдайбергеновпен сұхбат алар болсаң, не туралы сұрар едің? Сұхбат сұрақтарын дайындаңдар.*



Ойна да ойла!

«Туған жер» деген ұғымға ассоциограмма жаса.



Біліміңді тексер!

1. Бүгінгі тақырып бойынша қандай маңызды ақпарат алдым деп ойлайсың?
2. Туған өлке тарихын білудің маңызы қандай?
3. Туған халқы мен Отанына адалдық дегенді қалай түсіндің?

3-БӨЛІМ.

МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Досым, сен бұл бөлімде:

Интернетте қарым-қатынас жасау ережесін білесің; «цифрлық із» ұғымымен танысасың; еңбекақы төлеу неге байланысты екенін түсінесің; отбасының міндетті және міндетті емес шығындарын, ірі сатып алуларды қалай жасауға болатынын ұғасың; «отбасы бюджеті» деген не екенін білесің.



§ 6.

Интернетте қарым-қатынас жасау ережесі. Менің цифрлық ізім

Менгерілетін білім:

- Ғаламдық желі туралы білеміз;
- Интернеттегі қарым-қатынас мәдениетін түсінеміз.

Кел, ойланайық!

- Интернет деген не?
- Мүмкіндіктері қандай?
- Интернеттегі қарым-қатынас дегенді қалай түсінеміз?
- Цифрлық із деген не?
- Цифрлық іздердің элементтері қандай?
- Цифрлық іздер не үшін маңызды?

Түйін сөздер

Интернет, ақпарат, желі, протокол, стандарт, электронды пошта, цифрлық із, дерек.

Маңызды ақпарат

Интернет (ағылш. Internet – International Network) – компьютерлік серверлердің бүкіләлемдік желісі.

«Цифрлық із» – әртүрлі онлайн қызметтер мен платформаларды пайдалану кезінде адамның Интернетте қалдыратын «ізі». Ол желіде тіркеліп қалатын деректер мен ақпараттардан тұрады.

Интернет – дүниежүзіндегі миллиондаған компьютерлер мен басқа құрылғыларды біріктіретін, өте жоғары деңгейдегі ғаламдық байланыс жүйесі. Интернет – кең өрісті ақпараттар әлемі. Біздің өміріміздің барлық саласына, соның ішінде білімге, бизнеске, ойын-сауыққа, әлеуметтік қатынастарға және т.б. қатысты электронды кеңістік. Ол білімге қол жеткізуге және әлеммен байланысуға мүмкіндік береді (9-сурет).

Интернеттің негізгі сипаты және мүмкіндіктері:

1. Интернет бүкіл әлемдегі компьютерлер мен құрылғыларды байланыстырады, ғаламдық масштабта ақпарат пен байланысқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
2. Интернет бір-бірімен байланысатын көптеген желілерден, серверлерден және компьютерлерден тұрады.
3. Интернет әртүрлі қызметтер мен ресурстарға, соның ішінде веб-сайттарға, электрондық поштаға, әлеуметтік желілерге, онлайн банкингке, бейнеконференцияға және т.б. қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Пайдаланушының «цифрлық ізі» – әртүрлі онлайн қызметтер мен платформаларды пайдаланған адамның желіде тіркеген жұмыстары, қалдырған ақпараттары мен деректері негізінде Интернетте қалдыратын ізі.

Жеке ақпарат. Бұл пайдаланушы веб-сайтта, әлеуметтік желіде тіркелген кезде, онлайн сатып алу кезінде беретін жеке ақпарат: аты, тегі, электрондық пошта мекенжайы, телефон нөмірі т.б.

Мазмұн және деректер. Бұл мәтіндік хабарлар, фотосуреттер, бейнелер, аудио жазбалар, файлдар және пайдаланушы жасайтын және Интернетке жүктеп салатын басқа материалдар болуы мүмкін.



2-бөлім. Азаматтық және патриотизм

Орның туралы ақпарат. Егер пайдаланушы құрылғыдағы орналасқан жері туралы ақпаратқа қол жеткізуге рұқсат берсе, бұл да олардың цифрлық ізінің бөлігі болуы мүмкін.

Сатып алу туралы ақпарат. Интернеттегі сатып алу тарихы, несие картасы туралы ақпарат та сандық іздің бір бөлігін құрайды.

Қазір адамдар банк құрылғыларын қолданады. Ол да адамның цифрлық ізін қалдырады.



Талда!

Мәтінді оқып, өздеріңнің цифрлық іздерің туралы ой бөлісіңдер. Интернеттегі қауіпсіздік пен құпиялылық шараларын қалай сақтайтындарың туралы пікір алмасыңдар.

Қадірлі оқушы! Цифрлық із қалдыру мынадай әрекеттерде қалуы мүмкін:

Іздеу тарихы: оқушы мектеп жобаларына немесе көңіл көтеруге арналған ақпаратты іздеген кезде іздеу жүйелерінде іздеу сұрауларының ізін қалдыруы мүмкін.

Әлеуметтік медиа профильдері: оқушының әлеуметтік медиа аккаунты болса (тіпті ол достарына кіруді шектесе де), олардың профилі, жазбалары және ұнатулары туралы ақпарат олардың цифрлық ізінің бөлігі болып табылады.

Онлайн ойындардағы өзара әрекеттестік: егер оқушы онлайн ойындар ойнаса, оның белсенділігі, жетістіктері және басқа ойыншылармен сөйлесуі цифрлық із жасай алады.

Электрондық пошта және хабар алмасу: достармен, мұғалімдермен немесе ата-аналармен электрондық пошта немесе жылдам хабар алмасу арқылы хат алмасу да цифрлық із бола алады.

Онлайн оқыту және тапсырмалар: Онлайн оқыту платформаларын пайдалану, тапсырмаларды жіберу және оқу материалдарын қарау сонымен қатар оқу әрекетін көрсететін цифрлық ізді жасайды.

Бұлттағы жобалар мен құжаттар: Google Docs сияқты бұлттық қызметтерді мектеп жобаларын жасау және оларда бірлесіп жұмыс істеу үшін пайдалану цифрлық із қалдыруы мүмкін.

Мазмұнды жасау және жариялау: егер оқушы сызбалар, әңгімелер немесе бейнелер сияқты өз жұмысын жасап, жарияласа, бұл да оның цифрлық ізінің бөлігі болады.

Кірген веб-сайттар тарихы: оқушы кірген веб-сайттар туралы ақпарат браузер тарихында із қалдырады.



Қызықты ақпарат

Интернет пен цифрлық технологиялар әлемнің әртүрлі бөліктеріндегі өмір мен мәдениетке қалай әсер ететінін әртүрлі елдердің цифрлық ізі туралы әңгімелер арқылы түсініп көрейік.

АҚШ. Сандық бақылау технологиясы. АҚШ-та технологиялық компаниялар жарнама жасау және жекелеңдірілген ұсыныстар беру үшін пайдаланушылардың цифрлық ізін жиі пайдаланады. Бұл цифрлық сауаттылық пен құпиялылықтың маңыздылығын көрсете алады.

Эстония. Цифрлық азамат. Эстонияда азаматтар дауыс беру, салықтық өтініш беру және компанияны тіркеуді қоса алғанда, онлайн режимінде мемлекеттік қызметтердің кең спектріне қол жеткізе алады. Бұл Эстонияны әлемдегі ең цифрлы елдердің біріне айналдырды. Бұл елде тіпті «цифрлық азаматтық» та беріледі. «Цифрлық азаматтық» басқа ел азаматына Эстон мемлекетінде бизнес жүргізуге, оны ойлайн басқаруға мүмкіндік береді.

Үндістан. Білім беру үшін интернет. Үндістанда көптеген мектеп оқушылары, әсіресе ауылдық жерлерден, білім беру ресурстарына қол жеткізу үшін Интернетті пайдаланады. Бұл Үндістандағы жастардың білімі мен болашақ мансап мүмкіндіктерін жақсарту үшін мобильді қосымшалар мен онлайн курстарды қалай пайдаланып жатқанынан хабар береді.



Өзіндік жұмыс

Топпен жұмыс

Цифрлық сауаттылық және желідегі қауіпсіздік туралы төмендегі сұрақтар негізінде сауалнама жүргізіп, зертте.

1. Интернет дегеніміз не және ол қандай мүмкіндіктер береді?
2. Интернетті пайдаланудың қандай жағымды жақтарын білесің?
3. Интернетте байланысқанда қандай қауіп төнуі мүмкін?
4. Дербес деректер дегеніміз не және оны қорғау неліктен маңызды?

5. Интернетте қандай ақпарат көздері сенімді болып саналады, қайсысы сенімді емес?
6. Кибербуллинг дегеніміз не және оны қалай болдырмауға болады?
7. Қауіпсіз құпия сөздерді қалай жасауға болады және ол неге маңызды?
8. Егер біреу Интернет арқылы жеке ақпаратты немесе ақшаны алуға әрекеттенсе, не істеу керек?
9. Интернеттегі шынайы ақпаратты жалған ақпараттан қалай ажыратуға болады?

Қауіпсіз құпия сөздерді жасау және құпия сөздерді таңдау және басқару бойынша пікір алмасыңдар.

Интернет бетінде қандай іздерің бар, оны қалай қалдырдыңдар? Ой бөлісіңдер.



Ойна да ойла!

Фирманың цифрлық ізі.

Алдын-ала топтарға бөлініп, түрлі фирма атауын ойластырыңдар. www.canva.com сайтында өздеріңнің фирма презентациясын жасаңдар. Жасалып болған презентация сілтемесін қарсылас топқа жіберіңдер.

Сол презентацияға әр топ тарапынан бағалау жүргізіледі.

Фирма мүшелері де өз презентациясына баға қояды.

Нәтижесінде жалпы ұпай бойынша көп ұпай жинаған фирма жеңімпаз атанады.

Сол фирманың жеңімпаз атануына не ықпал етті? Цифрлық із арқылы анықтаңдар.



Білімді тексер!

1. Тақырыптағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Интернет дегенді қалай түсінеміз?
3. Интернетте мәліметтерді қалай жариялауға болады?
4. Интернетте қарым-қатынасты қалай жасауға болады?
5. «Цифрлық із» дегенді қалай түсінесің?

Меңгерілетін білім:

- Еңбекақы дегеннің не екенін түсінеміз;
- Еңбекақы түрлері туралы ақпарат аламыз

Кел, ойланайық!

- Еңбекақы деген не?
- Еңбекақы төлеу мен еңбекақының түрлері туралы не білеміз?
- Еңбекақы қалай төленеді?

Түйін сөздер

Еңбекақы
Негізгі еңбекақы
Таза кіріс
Жалпы еңбекақы

Маңызды ақпарат

Еңбекақы – бастапқы кезде атқарылған еңбектің төлемі түрінде екі сөзден біріктірілген атау.

Жалақы – жалдама еңбектің төлемі ретінде «жал, жалдау ақысы» деген ұғымға қатысты қолданылған атау.

Сыйақы – атқарылған еңбек құндылығы мен еңбекті бағалау үшін төленетін үстеме ақы.

Зейнетақы – көптеген жылдар еңбек еткен адам зейнетке (құрметті еңбек демалысына) шыққанда белгіленіп, ай сайын төленіп отыратын ақы түрі.

Адамдар ерте замандардан еңбек етудің төлемі болатынын білген. Жерге дән салса, ол өніп, өсіп, белгілі бір дақыл түріне айналады. Өз еңбегінің төлемі – өсірген егіні. Алайда уақыт өте келе оның өніміне сұраныс көбейді. Енді өз өнімін ұлғайтуы керек. Ол үшін ол өзімен бірге жұмыс істейтін адам санын көбейтуі керек. Олардың еңбегіне ақы төлеуі керек екенін түсінеді. Осылай еңбектің ақысын төлеу түсінігі бастау алды. Бастапқыда еңбек өнімі дөңді дақылмен төленсе, кейін оны сатқан соң ақшалай төлеу басталды.

Бүгінгі күнде еңбек төлемі туралы айтқанда түрлі атаулар қолданылады: еңбекақы, жалақы, сыйақы. Олардың қай-қайсысы да жұмыс берушімен жұмыс істеуге келген кісі арасында келісілген және еңбек келісімшартында белгіленген, жұмысшыға төленетін тұрақты сома. Жұмыс белгілі бір кезеңге есептелуі мүмкін. Ақы төленетін уақыт әр елдің режиміне байланысты апта сайын, екі аптада немесе бір айда деп белгіленеді. Міне, осылай жұмысшы немесе қызметкер, маман атқарған жұмысы үшін немесе қызметкердің

кәсіби қызметін көрсеткені үшін белгіленген мезгілде еңбекақысын алады.


Еңбекақы түрлері:

Базалық еңбекақы – жұмыскердің атқаратын жұмысының уақыт бірлігіне немесе жұмыс бірлігіне қатысты белгіленетін үстеме ақы.

Таза еңбекақы – салық және әлеуметтік қамсыздандыру сияқты аударымдар мен жарналар ұсталғаннан кейін жұмысшыға төленетін нақты ақша.

Жалпы еңбекақы – қызмет ақысы ретінде тағайындалған базалық ақыдан бастап, жұмысшының мемлекет алдындағы аударымдары мен жарналарынан кейінгі жалақы есебі де кіретін ақшаның жалпы сомасы.

Еңбек ақысы туралы айтқан кезде ескеретін мәселе бар. Мекеме тұрақты жұмысқа шақырғанда (таза еңбекақы емес) тағайындалған жалпы еңбек ақысын жалақы ретінде көрсетсе, белгілі бір уақытқа, маусымдық жұмыстарға жалдайтын жұмыс беруші белгіленген уақытқа есептелген жалданбалы еңбек ақшасын атайды. Бұл жерде төлемақы деген мен еңбекақы айырмасын түсіну керек: егер сен біреуден өнім сатып алсаң, онда оның өніміне берген ақшаң – төлемақы. Ал біреуге жұмыс жасатсаң, онда оның саған жұмыс жасауда жұмсаған күшіне берген ақшаң – еңбекақы.



Еңбекақы тағайындау барысында жұмыс күші, атқарылатын уақыт, еңбек өнімінің сапасы ескеріледі. Еңбекақы құны сол

себепті әр салада әртүрлі болады. Технология, қаржы және медицина сияқты кейбір салалар басқаларға қарағанда жоғары жалақы ұсынады.

Бұл білім болашақта керек сияқты болғанмен, сен қазірден бастап жұмыс төлемі туралы білдің. Енді ата-анаң мен туыстарыңның еңбекақысы және оның қалай төленетіні туралы ақпаратпен таныссың, яғни қаржы сауаттылығы өліппесін бастадың.



Талда!

1. Еңбекақы туралы фактілермен таныс. Еңбекақының көлемі неге байланысты болатыны туралы өз пікіріңді ортаға сал.

Еңбекақы (жалақы) көптеген себептерге байланысты өзгеруі мүмкін.

Адамның еңбек өтіліне байланысты жалақысы да жоғары болуы мүмкін. Көп жылдық тәжірибесі бар жұмысшылар көбінесе жоғары лауазымдар мен жалақыға ие бола алады.

Еңбекақы аймаққа байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Ірі қалалар мен дамыған елдерде шағын қалалар мен аз дамыған аймақтармен салыстырғанда еңбекақы жоғары болады.

Кейбір компаниялар қызметкердің жалпы табысын арттыра алатын қосымша бонустар, жеңілдіктер мен өтемақы пакеттерін ұсынады.

2. Орны ауысып кеткен төлемдерді анықтап, өз ойларыңды дәлелдендер.

Көпшіліктен көлікте,

Жалақысын алады.

Еңбек еткен қашанда

Тон ақысын алады.

Тон сататын сатушы

Қол ақысын алады.

Көмектескен көп іске,

Жол ақысын алады.



Қызықты ақпарат

Қазақ халқында «кісі ақысын жеу – ең ауыр күнә» деген сөз бар. Оның мәнісі – адам еңбегін бағалау. Еңбектің құнын түсініп, оның өлшемін шығара білген халқымыз әр еңбектің төлемін қаржылай болмаса да, ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, кәде түрінде заттай ұсынған.

Бір адам бітіре алмайтын іске көмек тобын жинаған. Мысалы мал сойысу, кілем тоқып, киіз басу, іс тігу сияқты қолмен атқарылатын

жұмыстарға ауылдың шебер, ісмер адамдары (еркек, әйел) шақырылады. Барлығы кірісіп қол ұшын береді, жәрдемдеседі, істің берекесін кіргізеді. Істі аяқтаған соң жұмысты атқарғандарға «қолүздік» деп аталатын кәде беріледі. «Қолүздік» сойған малдың етінен, қолданыстан артылған ине-жіп, жүн-жұрқа, түбіт, жіп бояуы, мата қиындылары т.б. ұсақ-түйектер түрінде қалауларына қарай үлестіріледі. Болмаса үй иесі арнайы дайындаған өзге сыйлықтарын ұсынады.



Өзіндік жұмыс

Нұсқаулар бойынша зерттеу жұмысын жүргіз. Нәтижесі бойынша таныстырылым (презентация) жаса.

Тапсырманың тақырыбы: «Еңбекақы деңгейіне әсер ететін факторлар»

Мақсаты: Жалақы неге байланысты екенін және оның мөлшеріне қандай факторлар әсер ететінін зерттеп, түсіну.

Нұсқаулар:

1. Зерттеу факторлары: еңбекақы деңгейіне әсер ететін қандай факторларды білесің? Тізімін жаса.
2. Факторларды сипатта: ол еңбекақы деңгейіне қалай әсер ететінін түсіндір.
3. Мысалдар келтір.
4. Өзіндік пікір: сен еңбекақы деңгейін анықтауда қандай факторлар маңызды болуы керек деп ойлайсың? Неге?
5. Қорытындыларды көрсету: таныстырылым жаса немесе есеп құр. Өз зерттеулеріңнің нәтижелерін және еңбекақыны анықтауда қандай факторлар маңыздырақ екендігі туралы қорытынды ой ұсын.



Ойна да ойла!

1. «Мың бір мақал» ойынын ұйымдастырыңдар. Еңбек және ақша, төлем туралы мақал-мәтелдер айтып жарысыңдар.

2. «Қаржылық квест» ойынын ойнаңдар.

<https://randomus.ru/> сайты арқылы сынып 3 топқа бөлінеді. Әр топқа сыныптың квест картасы беріледі. Картада көрсетілген нысандардан QR код іздеу қажет. Ондағы берілген QR кодты сканерлеп сұрақтарға жауап беру арқылы командалық ұпай жиналады. Көп ұпай жинаған команда жеңімпаз аталады.



Білімді тексер!

1. Тақырыптағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Еңбекақы дегенді қалай түсінеміз?
3. Еңбекақы адамдарға қалай төленеді?
4. Еңбек ақысын төлегенде нені ескереді екен?
5. Өздерің білетін мамандықтар еңбекақысы туралы ойларың қандай?

§ 8.

Отбасының міндетті және міндетті емес шығындары

Меңгерілетін білім:

- Отбасы шығындары туралы түсінік аламыз;
- міндетті, міндетті емес шығындарды ажыратамыз

Кел, ойланайық!

- Отбасы шығындары деген не?
- Міндетті шығынды қалай түсінеміз?
- Міндетті емес шығын нені білдіреді?

Түйін сөздер

Бюджет, міндетті шығын, қосалқы (қосымша) шығын

Маңызды ақпарат

Пайда – отбасының табысы (түсетін ақша) және шығатын шығынның аз болуынан үнемделетін есепті қаржы. Шығын – кірістен шығындар асып кетсе немесе есептелген қаржы тұтынушының сұранысын қанағаттандырмайтын қаржы. Отбасының табыс көздері: ата-аналардың (отбасындағы өзге де ересектердің) жалақысы, қосымша табыс көзі немесе жәрдемақы, зейнетақы т.т. Отбасылық шығындар: тұрғын үй, тамақ, білім, медициналық шығындар, ойын-сауық және т. б. үшін төлемдер.

Отбасында күнделікті тіршілік заттары мен құралы толық болатынына көзіміз үйренген. Асханада тағам түрлері, ас дайындау құралдары, ыдыстар немесе жуынатын бөлмедегі қолданыс құралдары, бақшадағы жұмыс жасайтын құралдар және т.б. Ал осының бәрі – отбасы бюджеті есебінен жұмсалатын шығындар. Ол тұрғын үй төлемдерінен бастап, әр отбасы мүшесі қажеттіліктерін өтеуге дейінгі шығындарды қамтиды.

Отбасылық шығындарды міндетті (қажетті) және міндетті емес (қосымша) шығыстар деп бөлуге болады (10-сурет).

Міндетті (қажетті) шығындар:

1. *Тұрғын үй*: бұл үйді жалдау немесе ипотекалық төлемдерді, коммуналдық қызметтерді (газ, электр, су), үйді сақтандыру және мүлік салығын қамтиды.
2. *Тамақтану*: тамақ сатып алу және үйде тамақ дайындау, сонымен қатар мектепте немесе жұмыста түскі асты төлеу.
3. *Киім*: отбасына киім, аяқ киім және басқа гардероб заттарын сатып алу.
4. *Көлік*: жанар-жағармайға, автокөліктерге техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге, қоғамдық көлікке немесе таксиге арналған шығындар.
5. *Денсаулық сақтау*: Медициналық сақтандыру төлемдері, дәрігерге бару, дәрі-дәрмек және басқа да медициналық шығындар.

6. *Білім*: Оқу материалдарына, мектепке баруға және оқу ақысына кететін шығындар (егер ол тегін болмаса).
7. *Сақтандыру*: Өмірді, денсаулықты, автокөлікті және басқа сақтандыру түрлері.
8. *Несиелер мен қарыздар*: Несиелер, қарыздар және басқа да борыштық міндеттемелерді төлеу.

Міндетті емес (қосымша) шығындар:

1. *Ойын-сауық және хобби*: киноға, театрға бару, спорттық іс-шараларға бару, саяхаттау, хобби және ойын-сауық.
2. *Мейрамханалар мен кафелер*: мейрамханаларға, кафелерге бару және тағамдарға тапсырыс беру.
3. *Сыйлықтар және мерекелік шығындар*: туған күндерге, мерекелерге және басқа да ерекше іс-шараларға сыйлықтар сатып алу.
4. *Тұрмыстық тауарлар мен тұрмыстық техника*: тұрмыстық техниканы, жиһазды және басқа да тұрмыстық бұйымдарды сатып алу.
5. *Бір жолғы шығындар*: күтпеген оқиғаларға, мысалы, үйді жөндеуге немесе төтенше жағдайларға арналған шығындар.
6. *Жеке қызығушылық*: косметика, парфюмерия, мобильді құрылғылар, кітаптар, музыка және басқа да жеке қажеттіліктерді сатып алу.



12-сурет. Міндетті және міндетті емес шығындар

Міндетті және қосымша шығындар отбасы бюджетінің елеулі бөлігін қамтиды. Сондықтан қажетті заттарды есептеп, қосымша шығындарға жоспарлы түрде қаржы шығарғанда ғана үнем болмақ.



Талда!

Сұрақтар бойынша өз ой-пікірлеріңді ортаға салыңдар.

1. Өз отбасыңда қандай шығындар міндетті болып табылады? Оған қанша ақша керек деп ойлайсың?
2. Неліктен алдымен міндетті шығындарды, содан кейін барлық басқаларын есептеу керек?
3. Міндетті емес (қосымша) шығындарды болдырмауға бола ма?
4. Бағаның өсуі отбасының шығындарына қалай әсер етеді?
5. Ақшаны үнемдеу үшін киім-кешекті жылдың қай мезгілінде сатып алған дұрыс?
6. Видеожазбаны қарап, шана сатып алу қандай шығынға жататынын анықта. Осы жағдай туралы өз ойыңды айт.



Қызықты ақпарат

Өртүрлі елдердегі отбасылық шығындар

Жапонияда азық-түлік шығындары күнделікті азық-түлік сатып алуды ғана емес, сонымен қатар суши және сукияки сияқты дәстүрлі жапон тағамдарын дайындауды қамтиды. Өртүрлі мерекелерде достарына, әріптестеріне сыйлық беру дәстүрі де бар. Бұл шығындар қарым-қатынастарды нығайту үшін маңызды болып саналады.

Үндістанда алтын көбінесе байлық пен мәртебенің белгісі болып саналады. Отбасылар үйлену тойларына және басқа да ерекше іс-шараларға арналған алтын бұйымдарға айтарлықтай ақша жұмсай алады. Үндістандағы үйлену тойлары үлкен және көптен күтілетін оқиғалар болып табылады және шығындары үлкен болады.

Француз отбасылары мұражайларға, театрларға және концерттерге бару сияқты мәдени іс-шараларға үлкен мән беруі мүмкін. Еуропаны аралау кейбір отбасылар үшін маңызды болып табылады.

Кенияда көптеген отбасылар өз табысының үлкен бөлігін балаларының білім алуына салады, өйткені білім болашақтың кілті болып саналады.

АҚШ-та студенттер оқу ақысын төлеу үшін жиі несие алады және бұл отбасы бюджетінің маңызды бөлігіне айналуы мүмкін. Отбасылар сонымен қатар саяхат, хобби және ойын-сауыққа көп шығын жұмсайды.



1. Нұсқауларға сүйене отырып, отбасы мүшелерінен сұхбат ал. Соның нәтижесінде таныстырылым немесе есеп дайында.

Отбасылық сұхбат.

Мақсаты: отбасы мүшелерінен олардың шығындары мен кірістері туралы сұхбат алу.

Сұрақтар үлгісі: 1) Отбасы шығындарын қалай жоспарлайсыз?

2) Отбасында қандай шығыстар міндетті деп есептейсіз, қайсысы міндетті емес?

3) Ақшаны не үшін жұмсау туралы шешімді қалай қабылдайсыз?

2. «Отбасы бюджеті» кестесін толтыр.

Кірістер	Шығыстар



Өңгімені оқып, жомарттың әрекетіне баға бер. Өзіңе қандай ғибрат алдың? Рөлдерге бөліп, сахналаңдар

Атымтай жомарт

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып, жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары сұрады дейді:

– Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйтіп тұрып, өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.

Жомарт айтты дейді:

– Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өнебойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді;

сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиіреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.

Екіншісі: бар бола тұрып, мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер ғибрат алсын деймін.

Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен таңнан бір-екі пұлғанан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен.

Төртіншісі: Құдай берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деп.

Ыбырай Алтынсарин



Білімді тексер!

Бүгінгі тақырып бойынша қандай маңызды ақпарат алдым деп ойлайсың?

1. Отбасы шығындары дегеніміз не?
2. Міндетті шығынды қалай түсінеміз?
3. Міндетті емес шығын нені білдіреді?
4. Өртүрлі елдердегі отбасылық шығындар ерекшелігі қандай?

§ 9.

Ірі сатып алуларды қалай жасауға болады?

Меңгерілетін білім:

- Тауар сатып алу ережелері мен талаптарын білеміз;
- Ірі сатып алулар туралы түсінік аламыз.

Кел, ойланайық!

- Ірі сатып алулар дегеніміз не?
- Оның қандай түрлері бар деп есептейсің?

Түйін сөздер

Сатып алу, биржа, мүлік, қаражат

Маңызды ақпарат

Күнделікті шағын сауда сатып алу барысында:

- Ақша бар екен деп мақсатсыз артығымен сауда жасамауды;
 - Алған затыңның төлем чегін жоғалтпауды ескеру керек.
 - Ақшаңа абай бол.
- Үлкен сатып алулар жасамас бұрын бірінші кезекте:
- Бұл зат менің отбасыма қаншалықты қажет?
 - Бұл затты сатып алуға мүмкіндігіміз бар ма?
 - Бәлкім нарықта ұтымды бағамен сатылатын басқа нұсқалар бар болар?
 - Сатып алу шарттары қаншалықты тиімді? деп ойлау керек.

Сен отбасындағы сатып алынған заттарды, әсіресе, ірі заттарды бірден байқайсың. Ол: жиһаздар, техникалық құрылғылар т.б. болуы мүмкін. Ал оларды сатып алу үшін сатушы мен сатып алушы ортасында белгілі бір талаптар мен шарттар орындалады.

Сатып алу немесе сату – жеке адамдар қалауымен және мүлікті сатушының заңды түрде жүзеге асыратын әрекеттері. Сатушы сатып алушы алатын тауарды сату үшін бір бағаны белгілейді және оның мінсіз екеніне кепілдік береді. Ал сатып алушы өзінің меншігіне айналатын затты тексеріп қабылдап, ол үшін белгіленген соманы төлеуге міндеттенеді. Екі тараптың арасында келісімді шарттың құжаты ретінде төлем қағазы (чек) жүреді. Сонымен бірге тауар құжаты, нұсқауы және сапасы мен бұзылған жағдайда белгілі бір кезеңде тегін жөндеуге кепілдік құжаты беріледі. Шағын сауда жасау мен ірі сатып алулар арасында айырмашылықтар бар. Ол төленетін қаржы ауқымына да байланысты.

Ірі сатып алулар – отбасының қаржылық жағдайына немесе жеке бюджетіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін қымбат және маңызды тауарларды, отбасына қажет қызметтерді сатып алу. Қаржыны басқаруды үйрену үшін үлкен сатып алуларды қалай жасау керектігін түсіну өте маңызды.

Ірі сатып алулар (11-сурет) бізден айтарлықтай қаржылық инвестицияны талап етеді. Мысалы, қымбат электронды құрылғы, автокөлік, жиһаз немесе үлкен жабдық сатып алу. Бұл – тәуекелге бару, мол қаржы жұмсау. Сондықтан таңдау дұрыс болу үшін, ақшаны жоғалтпау үшін мұндай сатып алуларды дұрыс жоспарлау, есептеу маңызды. Шешім қабылдамас бұрын әр сатып алудың қаржылық мүмкіндіктері мен артықшылықтарын ескеру маңызды. Ең маңызды әрі қажетті ірі сатып алуларды қарастырсақ.

1. Автокөлік дiттеген жерiне жетуге мүмкiндiк беретiн көлiк құралы.
2. Пәтер немесе үй өмiр сүру кеңiстiгiн және тұрақтылық сезiмiн қамтамасыз етедi.
3. Үлкен тұрмыстық техника: тоңазытқыштар, кiр жуатын және ыдыс жуатын техника және басқалар үйде тұрмыстық тапсырмаларды жеңiлдету үшiн қажет.
4. Электроника: бұл санатқа теледидарлар, компьютерлер, планшеттер және смартфондар кiруi мүмкiн. Электроника коммуникацияға, жұмысқа және ойын-сауыққа көмектеседi.
5. Спорттық жабдықтар: велосипедтер, конькилер немесе фитнес мәшинелерi. Бұл сатып алу белсендi және сау болуға көмектеседi.
6. Саяхат, туристiк сапарлар жаңа мекендердi көруге, басқа мәдениеттердi бiлуге мүмкiндiк бередi.

Ірі сатып алулар шартын қол қоймас бұрын, тауарға төлем жасамас бұрын зерделеп оқып, мұқият болу керек. Сатып алушының, тауардың сапасы көңілінен шықпаған болса, қайтару немесе жөндеу не айырбастау қызметін пайдалану құқығының бұзылмауы аса маңызды.



13-сурет. Ірі сатып алулар



Талда!

Төмендегі сұрақтар айналасында пікір алмасыңдар.

1. Ірі сатып алулар дегеніміз не және оларды дұрыс жасауды үйрену неліктен маңызды?
2. Ірі сатып алудың қандай түрлерін айта аласың? Олардың қайсысы ең маңызды деп ойлайсың?
3. Неліктен ірі сатып алу жасау кезінде жоспарлау маңызды? Сатып алуды дұрыс жоспарлау үшін қандай қадамдар жасау керек?
4. Ірі сатып алу кезінде бюджет қандай рөл атқарады? Сатып алудан бұрын бюджетті анықтау неліктен маңызды?



Қызықты ақпарат

Ірі сатып алуларды жасау жолы елдер мен мәдениеттерге байланысты әртүрлі болады. Сіздер үшін бірнеше қызықты оқиғалар мен жағдайларды ұсынамыз.

Мароккода сукс (базарлар) күнделікті өмірде маңызды рөл атқарады. Мұнда сауда жасау да өнер. Жергілікті базардан сатып алғанда, сіз сатушыға төлеуге дайын бағаны ұсынып, айырбас жасай аласыз. Бұл сауда өнері ұрпақтан ұрпаққа берілетін қызықты жағдайларға әкеледі.

Жапонияда технология мен электроника ерекше маңызға ие. Елде соңғы үлгідегі гаджеттер мен жабдықтарды ұсынатын көптеген мамандандырылған дүкендер бар. Жапондықтар сатып алар алдында техникалық сипаттамаларды мұқият зерттеп, сынақтан өткізеді.

Африкада азық-түліктен қолөнер бұйымдарына дейін кең ауқымды тауарларды таба алатын дәстүрлі базарлар бар. Саудасаттықтың маңызды бөлігі - сатушылармен қарым-қатынас жасау және байланыс орнату.



Өзіндік жұмыс

Мәтінмен танысып, ірі сатып алулар жасау үшін қажетті нұсқаулық құрастырыңдар.

Ірі сатып алулар жасау – ересек адам өмірдегі маңызды дағды. Қаржылық тұрақтылықты сақтау және отбасы бюджетін басқару үшін негізгі шығындарды жоспарлауды, зерттеуді және ақылды шешімдер қабылдауды үйреніңдер.

- Кез келген ірі сатып алу жасамас бұрын, бюджетті есептеу маңызды. Сатып алуды жоспарлап отырған өнім немесе қызмет үшін критерийлер тізімін жасаңдар. Бұл дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.
- Сатып алу алдында зерттеу жүргізіңдер. Өнімнің сипаттамаларын, брендин, моделін және бағасын зерттеңдер. Өртүрлі сатушылардың ұсыныстарын салыстырыңдар. Мұны онлайн режимде жасау ыңғайлы. Заттың сапасының қандай екенін білу үшін басқа сатып алушылардың пікірлерін оқыңдар.
- Құрылғылар, көлік немесе ұялы телефон сияқты ұзақ мерзімді заттарды сатып алғанда, ұзақ мерзімді иелену құнын да ескеріңдер. Техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану шығындарын қарастырыңдар. Өнімнің сапасын бағалаңдар.
- Жеңілдіктер мен акцияларды ізде. Көптеген дүкендер мен интернет-ресурстар жылдың белгілі бір уақытында жеңілдіктер ұсынады, мысалы, «Каспи жұма» немесе маусымдық сатылымдар. Ақшаны үнемдеуге көмектесетін купондарды немесе бағдарламаларды пайдалануды қарастыр.
- Ірі сатып алу үшін несиені бөліп төлеу жағдайын пайдалануды жоспарлауға болады. Несие шарттарын, пайыздық мөлшерлемелерді және комиссиялар туралы білу маңызды. Қаржылық қиындықсыз несиені уақытында өтеуге мүмкіндігің бар екеніне көз жеткіз.



Ойна да ойла!

Ойынның атауы: «Күйсандық сатып алу» рөлдік ойыны.

Ойынның мақсаты: ірі сатып алу контекстінде сауаттылық пен шешім қабылдау дағдыларын дамыту.

Көрнекілік пен материалдар, төсбелгілер (тұтынушы, менеджер, музыка маманы т.б.), ойын ақшасы, музыкалық аспаптар каталогы, сауда чегі т.т.

Ойын барысы: әр балаға рөлдер бөлінеді. Іздеген затқа қатысты бағдар беретін ойын картасы беріледі. Олар қолдағы бюджетіне қарай қай күйсандықты сатып алу шешімін қабылдауы керек.

Балалардың музыкалық аспаптар каталогын зерттеуіне музыка маманы көмектеседі. Балалар ойын ақшасын пайдаланып, таңдалған күйсандықты алуда қаншалықты сауда ережелері мен құқығын бұзбау талабын ескергені бақыланады.



Білімді тексер!

1. Бүгінгі тақырып бойынша қандай маңызды ақпарат алдым деп ойлайсың?
2. Ірі сатып алулар дегеніміз қандай сатып алулар екен?
3. Қандай дүниені сатып алу маңызды деп ойлайсың?

§ 10. Отбасы бюджеті дегеніміз не?

Меңгерілетін білім:

- Бюджет туралы біледі.
- Отбасылық бюджет маңыздылығын түсінеді.
- Қаржылық сауаттылығы артады.

Кел, ойланайық!

- Бюджет дегеніміз не?
- Отбасылық бюджетке нелер кіреді?

Түйін сөздер

Бюджет, отбасылық бюджет, қаржы, шығындар, міндетті шығындар, қосымша шығындар, жоспарлау

Маңызды ақпарат

Отбасылық бюджеттің қажеттілігі:

- Бюджеті бар отбасы өз қаржысын бақылап, қарыздан құтыла алады.
- Отбасылық бюджетті құру қаржылық жауапкершілік пен ресурстарды бөлуге үйретеді.

«Отбасы бюджеті» деген қолданысты алдыңғы тақырыптарда қолдандық. Енді осы ұғым туралы түсінікпен танысайық. Алдымен «бюджет» ұғымына тоқталайық.

Бюджет – адамның немесе адамдар тобының (отбасы, компания, ұйым, мемлекет) кірістері мен шығыстарының қаржылық диаграммасы. Онда қаражат көздері мен олардың қайда жұмсалғаны көрсетіледі. Демек, бюджет – отбасылық жоспардың бір түрі.

Отбасылық бюджет – отбасының ақшасы қайдан келетінін және қайда жұмсалатынын қарастыратын жоспар. Ол – отбасының шығыстары мен кірістерінің есептік тізімі. Отбасылық бюджет отбасына ақшаны басқарып, бақылауға, әртүрлі заттарға қанша жұмсай алатынын жоспарлауға және үнем жасауға, қаржылық тұрақтылықты сақтауға көмектеседі (12-сурет).

Отбасылық бюджет – белгілі бір уақыт кезеңіне, әдетте бір айға немесе жылға арналған отбасының шығыстары мен кірістерінің жоспары. Онда отбасының қорына қанша ақша кіретіні, қандай шығындар жоспарланатыны көрсетіледі. Отбасылық бюджет алдыңғы кезекте қарастырылатын азық-түлік, баспана, көлік, киім, оқу, медициналық шығындар және т.б. сияқты негізгі шығындарды қамтиды.



14-сурет. Отбасылық бюджетті есептеу

Отбасылық бюджетті құруда басты назар аударылатын мәселелер:

1. Табысты анықтау: отбасына ай сайын түсетін ақша, соның ішінде ата-ананың жалақысы және басқа да кіріс көздері.
2. Шығындар: ақшаның қайда кететіні, оларға коммуналдық төлемдер, азық-түлік төлемдері, білім беру төлемдері, ойын-сауық төлемдері және басқа да шығындар кіруі мүмкін.
3. Бюджет негізі – кірістер мен шығыстарды салыстыру мен мүмкіндіктерді болжау. Кіріс шығындардан көп болуы керек.
4. Жинақтау жоспары: күтпеген шығындарға, оқу немесе демалыс сияқты ұзақ мерзімді мақсаттарға ақша бөлу.

Сен отбасы мүшесі ретінде бюджетке қатысты талаптар мен ережелерді сақтауың керек. Мәселен, ақшаны үнемдеп, дұрыс жұмсау, қаржыны жұмсарда бюджетке зияны тимес үшін отбасыңмен талқылау, т.б. Осы кезден бұны білсең, болашақта өз бюджетіңді басқару сауаттылығымен қатар, жеке қорың қомақты азамат болатының анық.



Талда!

Отбасылық бюджетті құру қаржылық сауаттылықтың маңызды бөлігі және оның негіздерін түсіну қаржыңды жауапкершілікпен басқаруға көмектеседі. Төмендегі сұрақтар бойынша пікір алмасындар:

- Отбасылық бюджетті есептеу керек пе және неліктен?
- Отбасылық бюджетті құруда қандай ережелерді басшылыққа алған дұрыс?

Мен келесі жазғы демалысымда саяхаттағым келеді. Оны отбасылық бюджетке қалай салып жоспарлай аламын?



Қызықты ақпарат

Өртүрлі елдердегі отбасылық бюджетті бөлу тәжірибелері:

1. Жапонияда ақшаны басқару дәстүрлі болып қала береді. Көптеген отбасылар несие картасынан гөрі қолма-қол ақшаны пайдаланғанды жөн көреді. Бұл оларға бюджетті жақсырақ бақылауға және қарызды болдырмауға көмектеседі.
2. Германияда отбасылық бюджеттер көбінесе бірлесіп басқарылады. Өріптестер өздерінің қаржылық мақсаттарын талқылайды және әрқайсысы жалпы бюджетке үлес қосады. Бұл бірлескен жоспарлау мен қаржылық шешім қабылдауды жеңілдетеді.
3. АҚШ-та отбасылар балаларға, оқуға және басқа да шығындарға салық несиелерін ала алады. Бұл салық жеңілдіктері отбасылық қаржыны басқару тәсіліне әсер етуі мүмкін және отбасының қаржылық стратегиясының бөлігі болуы мүмкін.



Өзіндік жұмыс

- * Ересек отбасы мүшелерінің айына немесе жылына қанша ақша табатынын білу маңызды.
- * Отбасының барлық кірістерін, соның ішінде ата-аналардың жалақысын, мүлікті жалға беру сияқты қосымша табыс көздерін жаз.
- * Отбасының барлық шығындарын жаз. Бұл тамақ, киім, коммуналдық төлемдер, оқулықтар, ойын-сауық және т.б. болуы мүмкін.

- * Тамақ, киім сияқты негізгі қажеттіліктерге қанша ақша жұмсалатынын есепте. Бюджет осы шығындар бірінші жабылатындай етіп бөлінсін.
- * Мүмкін болса, кірістің бір бөлігін үнемдеуге бөл. Бұл қаржылық қауіпсіздік қорын құруға және ірі сатып алулар жасауға көмектеседі.
- * Отбасында қаржылық қарым-қатынас орнағаны дұрыс. Отбасылық қаржыны талқылап, бірлескен шешімдер қабылдау және қаржылық мақсаттарды бірге жоспарлау – маңызды шара.
- * Қажет емес нәрселерге ақша жұмсаудан аулақ бол және қандай да бір затты сатып аларда қажеттілігіне, тиімділігіне назар аудар.
- * Шығындар мен кірістерді салыстыр. Бюджетінді қаншалықты тиімді басқаратының туралы түсінік алу үшін шығындар мен кірістерді жаз.



Ойна да ойла!

«Азық-түлік дүкенінде» ойыны.

Өз отбасыңның жоспарланған шығыны аясында бір ай ішінде алынатын негізгі азық-түлікті анықта. Алудың қажеті жоқ тағамдарды анықта. Себебін түсіндір. Сонымен қатар арасында алып тұруға болатын тауарларды көрсет. .

- | | |
|---|------------------------------|
| 1) нан | 15) кептірілген жемістер |
| 2) қант | 16) тұз |
| 3) минералды су | 17) мидиялар |
| 4) сары май | 18) кондитер өнімдері |
| 5) тәтті жүгері таяқшалары | 19) тұздалған балық |
| 6) сұйық май | 20) кептірілген құрма |
| 7) балық | 21) маринадталған көкөністер |
| 8) шоколад | 22) шұжық өнімдері |
| 9) газдалған сусындар | 23) тұздалған дәндер |
| 10) сүт | 24) кәмпіттер |
| 11) жұмыртқа | 25) чипсылар |
| 12) майонез | 26) ет |
| 13) картоп | |
| 14) көкөністер (сәбіз, пияз, орамжапырақ, т.б.) | |

Кестені толтыр.

Қажетті заттар	Кейде алуға болатын заттар	Қажет емес заттар



Білімңді тексер!

1. Бүгінгі тақырып бойынша қандай маңызды ақпарат алдым деп ойлайсың?
2. Отбасылық бюджет дегеніміз не?

4-БӨЛІМ.

ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ

Досым, сен бұл бөлімде:
үйге қайтар жолдағы қауіпсіздік, құтқару
қызметі туралы түсінік аласың; күдікті
заттардан сақ болуды үйренесің; денсау-
лықты күту, гигиенаны сақтау жолдарын
білесің; үй-жайларда қауіпсіз жүріп-тұру
қағидаларын меңгересің.



§ 11. Менің үйге қайтар жолым

● Меңгерілетін білім:

- Мектептен үйге қайтар жолыңды білесің бе?
- Осы жолдағы қауіпсіздік шарттары қандай?
- Ықтимал қауіптер қандай?

● Кел, ойланайық!

- Мектептен үйге қайтар жол туралы ақпаратты жақсы меңгеру керек екенін білеміз.
- Жол жүрудегі ықтимал қауіптерді түсінеміз.



Түйін сөздер

Жол, үйге қайтар жол, қауіп-қатер, сақ болу, қырағылық, көмек



Маңызды ақпарат

Қырағылық – өз маңайыңды бақылау барысында орын алған өзгерістерді (қауіпті нысан, күдікті жан, қазылған ор т.т.) байқағыштық қасиет.

Қауіпсіздік қағидаттары:

1. Мектептен үйге дейінгі жолбағдармен жақсы таныс болу керек, қауіп төнсе қорғану мүмкіндігі бар жерлерді жақсы білу керек.
2. Қауіпсіз жол өткелдерін пайдалану: жаяу жүргіншілер жолы, бағдаршам, жолды кесіп өту үшін қауіпсіз орындар.
3. Жолда жүру ережелерін сақтау, жол бойында ойнамау, тұрақта тұрған көліктер арасында жасырынбау, бейтаныс ересектерге ермеу керек.

Мектепке баратын жол немесе үйге оралатын жол бағдары – ең маңызды ақпарат көзі. Біріншіден, ол – географиялық ақпарат, екіншіден, ол – сенің өмірбаяның мен мектеп кезіндегі өмір тарихыңның бөлшегі.

Сен үшін де, өзгелер үшін де мектептен үйге қайтып бара жатқандағы жол қауіпсіздігі өте маңызды. Жолда тосын оқиғаға ұрынбас үшін, ең алдымен, жан-жағыңа мұқият зер сал: сынып құлағалы тұрған ағаш бұтағы, үзілген электр сымы, жарылып, ақырындап суы ағып басталып жатқан ыстық су құбыры, ауадағы газ иісі – бәрі назарыңнан тыс қалмасын. Егер қырағылық танытсаң, өзге де адамдардың өмірін сақтап қалу мүмкіндігің болуы мүмкін.

Жасына және айналадағы әлемге көңіл бөлудегі ерекшеліктеріне байланысты оқушылардың жүрер жолдарында қауіпті оқиғалар орын алуы мүмкін. Мысалы:

1. *Жол қозғалысы.* Жолда абайламай жүру, бағдаршамдарды немесе жаяу жүргіншілер өткелдерін елемей жолкөлік оқиғаларына өкелуі мүмкін.

2. *Бейтаныс адамдар.* Бейтаныс адамдармен кездесу, олардан сыйлық алып, өкінішке ұрыну, ұрлап кету т.б. қауіпі бар (13-сурет).
3. *Жануарлар.* Қабаған иттер немесе басқа хайуанаттар кездесуі оқыс оқиғаларға әкеледі.
4. *Құлап қалу.* Өңделмеген жол жиектері, қатты жаңбыр, найзағай, қар, көктайғақтарда денсаулыққа зақым келу қауіпі бар.
5. *Қараңғы немесе қауіпті аумақтар.* Аллеялар, туннельдер, бос жерлер немесе басқа жарықтандырылмаған немесе оқшауланған аумақтар қауіп тудыруы мүмкін.
6. *Шұңқырлар немесе қырлы алаңдары.* Қазба жұмыстары жүргізілетін жерлер өте қауіпті.



15-сурет. Бейтаныс адамнан абай бол

Түнге қарай бітетін сабақ кезінде жарықкөрсеткішті киімнің болмауы да оқыс оқиғаға ұрындыруы мүмкін. Әлімжеттік көрсеткісі келетін агрессивті замандастар да бар екені рас. Өзіңнен кішіге күш көрсетіп жатса, ара түсіп, әлің жетпесе телефон көмегін пайдалан. Әркез қиындық туғызатын, адам үшін үлкен қауіп тудыратын жайларды ескеріп, абайлап жүр.

Ал айналадағы жағдайларға мән бермеуге себепкер болатын жайттар да бар: ойға шомып кету, құлаққаптар, смартфондар және басқа да гаджеттер айналасындағы әлемге назар аударуға кедергі болып, қауіпті еселей түсуі мүмкін.

Енді сен мектепке бару, келу жолыңда өзіңнің ғана емес, өзгелердің де қауіпсіздігін ойлайтын қамқор жансың.



Талда!

Топ құра отырып, күнделікті жүретін жолдарыңдағы қауіпті анықтандар:

1. 3–4 адамнан тұратын топтарға бөлініңдер.
2. Күнделікті жүретін жолдарыңда мүмкін болатын қауіптерді атап, талқылаңдар және олардың тізімін жасаңдар.
3. Тізімнен ең ықтимал үш қауіпті таңдаңдар және бұл қауіптердің алдын алу жолдары туралы жазыңдар.
4. Бейнажазбаны көріп, не туралы айтылғанын баяндаңдар.



Ойна да ойла!

Жағдаяттық тапсырма

Арман екі күн бойы орталық саябақтан өтетін жолдағы орындықта бөтен кісі пайда болғанын байқады. Бүгін артына бұрылғанда, әлгі кісінің Майра, Анар және Жомартты суретке түсіріп отырғанын көріп қалды. Аса мән бермеді.

Кешке үйге келгенде әкесі қарындасы Жәнияға бөтен жандармен тілдеспеу, біреу өзін не өзгені бақылап отырғанын сезсе, олар қауіпсіз орын тауып, отбасына немесе мектептегі ұстазына, таныс ересек адамға қоңырау шалу керек екенін айтып жатқанын естіп, бүгінгі оқиғаны еске түсірді. Ойынға айналып, әкесіне айтуды тағы есінен шығарды.

Қалай ойлайсындар, Арманның айтылған жағдайға көңіл бөлмегені дұрыс па? Осындай жағдай сендердің назарларыңа іліксе, не істер едіңдер? Оқиға немен аяқталуы мүмкін екенін ойластырып, өз ойларыңды дәлелдендер.



Қызықты ақпарат

Бүкіл әлемде мектеп оқушыларының үйлеріне қайтып бара жатқанда қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған әртүрлі қызықты дәстүрлер мен әдістер бар.

Жапонияда мектеп қалпақтары (Буши) дәстүрі қалыптасқан. Бастауыш сынып оқушылары жолда жақсы көріну үшін ашық түсті қалпақтарды (әдетте сары немесе қызыл) киеді.

Исландия – рефлексия күні. Бұл күні балалар мектепке жарық шағылыстыратын заттармен безендірілген киімдер киіп келеді. Бұл қызық әрі балаларды қараңғы түскенде жолда жүруге үйретеді.

Швеция – «*Тірі бағдаршамдар*». Швецияның кейбір қалаларында мектеп оқушылары жаяу жүргіншілер өткелдерінде кезекшілік етіп, басқа балалардың жолдан қауіпсіз өтуіне көмектеседі. Бұл балаларды жауапкершілікке баулып, жолда жүру ережелерін үйретеді.

Жаңа Зеландия – «*Мектеп автобусымен серуендеу*». Еріктілер (көбінесе ата-аналар) «жаяу жүретін автобустарды» ұйымдастырады, онда бір топ балалар ересектердің бақылауымен мектепке жаяу барады, жол бойында басқа балаларды алып кетеді.

Үндістан – *Адам тізбегі*. Кейбір қалаларда волонтерлар мен полиция қызметкерлері балалардың жолды қауіпсіз кесіп өтуіне көмектесу үшін қозғалыс қызған уақытта мектептер жанындағы жаяу жүргіншілер өткелдеріне «адам шынжырларын» орнатады.

АҚШ – *сары мектеп автобустары*. АҚШ-тағы сары мектеп автобустары ең қауіпсіз көлік, ал жүргізушілер балаларды түсіру кезінде ережелерді қатаң сақтайды.



Өзіндік жұмыс

Өзіңнің күнделікті жүретін жолың бойынша қандай қауіптер болуы мүмкін, суретте.

1. Үлкен қағазға мектептен үйге баратын жолдың картасын сыз.
2. Картада қауіптілік туындайтын орындарды, жерлерді қарастыр (мысалы, қиылыстар, бос жерлер, құрылыс алаңдары және т.б.).
3. Әрбір қауіпті белгіле.



Білімді тексер!

1. Тақырыптағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Мектептен үйге қайтып бара жатқандағы қауіпсіздік дегенді қалай түсінеміз?
3. Өз жолбағдарыңды еске түсір, мектептен үйге қайтар жолда қандай қауіптер кездесуі мүмкін?

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі мен одан әрі дамуын қамтамасыз ету, өрттің алдын алу мен оны сөндіруді ұйымдастыру саласындағы салааралық үйлестіру саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

§ 12.

Құтқару қызметі. Абайлаңыз, күдікті заттар!

● Меңгерілетін білім:

- Құтқару қызметі деген не?
- Құтқару қызметінің түрлері қандай?
- Күдікті заттар деген қандай заттар?

● Кел, ойланайық!

- Құтқару қызметінің қажет болатын жағдайларын түсінеміз.
- Құтқару қызметінің түрлерін ажыратамыз.



Түйін сөздер

Құтқару қызметі, табиғи апаттар, өрт сөндіру, авариялық-құтқару қызметі.



Маңызды ақпарат

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі мен одан әрі дамуын қамтамасыз ету, өрттің алдын алу мен оны сөндіруді ұйымдастыру саласындағы салааралық үйлестіру саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Шұғыл қызметтердің нөмірлері: өрт сөндіру қызметі – **101**, полиция – **102**, жедел медициналық көмек – **103**, авариялық газ қызметі – **104**.

Адам өміріне қауіп төнудің түрлі себептері бар. Айтып келмейтін апаттар: зілзала, өрт, су тасқыны, қар көшкіні. Қазақта оларды «тілсіз жау» деп атайды. Теледидардан апат болған жерде құтқарушылар жүргенін көрген боларсың? Құтқару қызметі туралы хабардар болғаның дұрыс (14-сурет).

Құтқару қызметі – табиғи апаттар және басқа да төтенше жағдайларда адамдарға көмек көрсететін ұйым немесе мамандар тобы.

Аймақтың немесе елді мекеннің ерекшеліктеріне байланысты құтқару қызметі өртүрлі болуы мүмкін:

1. Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі.
2. Сүңгуір-құтқару қызметі.
3. Таудағы құтқару қызмет.

Өрт болған кезде азаматтардың өмірі мен мүліктерін құтқаруға өрт сөндірушілер кіріседі. Бұл – бірінші кезекте адам өмірі мен қауіпсіздігі үшін күресетін авариялық-құтқару қызметі.

Өрт сөндірушілердің ерлік істері халыққа аян. Мысалы, Астана



16-сурет. Құтқару
тезникалары

қаласында өрт сөндіруші Асқар Забикулин өрт кезінде 3 адамды құтқарып қалды. бірақ өзі ерлікпен көз жұмды.

Қар көшкіні, таудағы сел немесе адам тауда бағдарын жоғалтқан кезде таудағы құтқарушылар көмек көрсетеді.

Сүңгуірлер су нысандарында, кемелерде апаттық жағдай туындаған және су басқан кезде жұмыс істейді. Сонымен бірге судағы басқа да оқиғалар (жарылған су құбырын жөндеу, су астына батқан техникадан адамды алып шығу т.т.) кезінде көмекке келеді.

Құтқару жұмыстарын дайындықтан өткен топ жасағанымен, оларға қосымша көмек күштері жұмылдырылады. Мысалы: тікұшақтарды және басқа ұшақтарды шалғай немесе жетуі қиын аудандардағы адамдарды іздеу және құтқару үшін пайдалану. Медициналық құтқару қызметі (жедел жәрдем) зардап шеккендерге көмек көрсетіп, медициналық мекемеге жеткізеді.

Химия және радиациядан авариялық-құтқару қызметі. Химиялық, биологиялық немесе радиациялық қауіпті жағдайларда жұмыс істеуге мамандандырылған топ аса қауіпті жағдайда жұмыс істеп, қатердің алдын алуға тырысады. Мысалы: қауіпті өндіріс орындарында төтенше жағдай болғанда, ғарыш зымырандарының қолданыстан шыққан бөлшектері немесе метеорит құлаған жағдайда да жұмыс істейді.



Сұрақтар бойынша күдікті затты байқағанда қандай әрекет жасау керектігі жөнінде пікір алмасыңдар.

«Күдікті заттар» деп біз оғаш, әдеттен тыс болып көрінетін немесе әдетте болмауы тиіс жерде орналасқан кез келген нәрсені түсінеміз. Мысалы, автобуста ұмытылып қалған сөмке немесе ойын алаңындағы иесі жоқ пакет т.б. Олардың ішінде жарылғыш немесе басқа да қауіпті заттар болуы мүмкін. Сондықтан оларға жақындама және .

1. Біздің еліміздегі құтқару қызметінің телефон нөмірі қандай?
2. Көшеде күдікті зат көрсең, қандай әрекет жасайсың?
3. Құтқару қызметі тағы қандай жағдайларда көмектесе алады?



Дүниежүзінде балаларға қауіпсіздікті, соның ішінде күдікті объектілерден абай болуды үйретудің өзіндік ерекше дәстүрлері мен тәсілдері бар.

Жапония жер сілкінісі мен цунами жаттығулары. Жапонияда жер сілкінісі мен цунами сияқты апаттар жиі болады. Сондықтан мектептерде жүйелі түрде апат кезінде сақтану жолдары туралы тренингтер өткізіледі. Балалар төтенше жағдайларда өзін дұрыс ұстауды, күдікті заттар табылғанда қалай әрекет ету керектігін үйренеді.

Израиль. Елдегі туындаған шиеленіске байланысты балалар зымыран шабуылы кезінде қорғануды және күдікті заттарды анықтауды үйренеді.

Ұлыбритания – «біртүрлі адам» және қауіпсіздік. Британдық мектеп оқушылары күдікті заттардан, басқа жағдайлар, соның ішінде бейтаныс адамдармен байланыста сақ болуды үйренеді. Балаларға қауіп-қатер туралы білуге көмектесу үшін көптеген білім беру бағдарламалары мен бейнематериалдар жасалады.

Австралияда – жағажайлар негізгі демалыс аймақтарының бірі. Сондықтан балалар судағы қауіпсіздікті үйренеді. Суда құтқаруды үйрену басты назарда болса да, балалар жағажайдағы күдікті заттар сияқты қауіп-қатерден сақ болуды үйренеді.



Ойна да ойла!

Құтқарушы туралы өлеңмен танысқан соң, «Құтқарушылармен мен құтқарылушылар» рөлдік ойынын ойнаңдар.

Топтарға бөлініңдер.

1-топ: «Құтқарылушылар» Олар әртүрлі төтенше жағдайға тап болады. Қоңырау шалып, көмек сұрайды.

2-топ: «Құтқарушылар». Олар бұл жағдайда қандай көмек көрсететінін ойластырады. Көмек көрсету ретін баяндайды.

Әртүрлі жағдайларды қарастыру ұсынылады. Рөлдер ауысуына болады.

Құтқарушы – құрметті ер!

Жақсы затқа қызығу мен сұқтану

Кейде адамға кезентеді сұқ қару.

Қиындыққа ұрынғанды, ойлансаң,

Өрқашан да керек болар құтқару.

Телефон шал: өрт сөндіру ол – 101,

Қылмыс болса, полиция – 102.

Жедел жәрдем дәрігерден тез, ол – 103,

Ал 104 – газ апатының қызметі.

Құтқарушы – өртке қорықпай кіргендер,

Нағыз ерге – өрқашанда құрмет, төр.

Адамдарға өмір атты сый жасар,

Құтқарушы, шынында да құрметті ер!

А.Асыл



Өзіндік жұмыс

«Қауіптен сақтан!» тақырыбында комикс құрастыру.

Негізгі мәселелері күдікті оқиғалар туындататын қысқа комикс жаса. Сонымен қатар, өздерін және айналасындағыларды қауіптен құтқаратындай қандай әрекеттер жасауға болатынын көрсет.



Білімді тексер!

Тақырыптағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?

Құтқару қызметі дегенді қалай түсінеміз?

Қандай «күдікті заттар» кездесуі мүмкін?

§ 13.

Денсаулық пен сұлулық құпиялары немесе гигиена не үшін қажет?

● Меңгерілетін білім:

- Гигиена дегеніміз не?
- Бізге гигиена не үшін қажет?
- Денсаулық пен сұлулық құпиялары неде?

● Кел, ойланайық!

- Денсаулық және оны сақтау туралы білеміз.
- Денсаулық пен сұлулықтың байланысын түсінеміз.



Түйін сөздер

Гигиена, денсаулық, сұлулық, күтіну



Маңызды ақпарат

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі денсаулық сақтау, медицина және фармацевтика саласына қатысты мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын орган. Ол заңға сәйкес халықтың медициналық көмек алуын қамтамасыз ету және денсаулық сақтау ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жұмыстарын атқарады.

Гигиена – денсаулық және оны сақтау және өзгерту шаралары туралы ғылым. Бұл сонымен қатар жеке тазалық пен денсаулықты сақтауға көмектесетін ережелер мен әдеттерді білдіреді.

Адам баласының ширақ, сымбатты, еңбекке қабілетті болуының басты негізі – денсаулық. Кез келген мемлекетте адам денсаулығына қатысты заң, оны жүргізетін арнайы мемлекеттік орган болады. Алайда әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы керек. Жеке бастың гигиенасын сақтау талаптары бар. Ол адамның өз денсаулығын сақтауда және өзгелердің денсаулығына зиянды инфекциялардың таралуын болдырмауда маңызды рөл атқарады (15-сурет).

Гигиена туралы қарапайым, бірақ ең маңызды фактілерге назар аудару керек: Қолды сабынмен және сумен үнемі жуу – инфекциялардың таралуын болдырмаудың ең тиімді әдістерінің бірі. Тамақтанар алдында, көпшілік қолданысына арналған орындарға барғаннан кейін, жануарлар күтімінен кейін қолды жуу керек. Ал тіс гигиенасы тіс ауруларының, ауыз қуысының тазалығын қамтамасыз етеді. Тісті күніне екі рет щеткамен тазалау керек және тіс дәрігеріне қаралып тұру ұсынылады.

Өте маңыздысы – дене күтімі: Күнделікті душ немесе ванна қабылдау тері тазалығына, шаш, тырнақ күтіміне де көңіл аударуға ықпал етеді.

Дұрыс тамақтану дене күтіміне де, денсаулықты сақтауға да пайдалы. Жемістер мен көкөністерді, дәмді дақылдың пайдалы түрлерін (қарақұмық, сұлы, күріш) орынды қолдану дененің сау болуына ықпал етеді. Арнайы екпелер (вакцинация) денені әртүрлі инфекциялар мен эпидемиялардан қорғауға көмектеседі.

Сынып бөлмесін немесе үйдегі бөлмені үнемі тазалау және желдету үйді таза ұстауға және аллергия мен аурулардың алдын алуға көмектеседі. Қарапайым гигиенаны сақтау ауру қаупін айтарлықтай төмендетеді және жалпы денсаулықты сақтауға көмектеседі.



17-сурет. Жеке бас гигиенасы



Талда!

1. Өлең мәтінін топпен, жұппен талдап, мазмұнына байланысты сурет (граффити – жалпақ жазылған «денсаулық» сөзінің ішіне салынатын сурет) салып, «Денсаулық» көрмесін ұйымдастырыңдар.
2. Көрме барысында өз әсерлеріңмен, ұсыныстарыңмен бөлісіңдер.

Денсаулық

Денсаулық ол – шыныққан
Барлық дене мүшесі.
Денсаулық ол – тыныққан
Жүйке тамыр жүйесі.

Денсаулық ол – күлуің
Көңіл күйің жадырай,
Денсаулық ол – жүруің,
Ешбір жерің ауырмай.

Қара айнаға, көресің
Өзіңді – адам денесін,
Қол-аяғың, басың бар,
Бұған кеуде қосылар.

Құрылысың бұл сыртқы.
Көрінбейді жүрегің,
Өкпе, миың, бүйрегің-
Құрылысың бұл ішкі.

«Балдырған» журналы



Қызықты ақпарат

Жапония халқы тазалыққа үлкен мән береді. Жапонияда таңертеңгілік жуыну рәсімі орындалады. Таңертең көптеген мектеп оқушылары арнайы әдістерді қолданып жуынады: алдымен бетін суық сумен жуады, содан кейін гель немесе көбік тазартқышты жағып, жылы сумен шайып тастайды. Бұл олардың сергек жүруіне көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар теріні жақсы күйде сақтайды.

Үндістанда балалар мен ересектер арнаулы ағаш бұтақтарынан жасалған тіс щеткасын пайдаланады. Олар ағаш бұтақтарын қылшықтарға айналғанша шайнайды, содан кейін тістерін жуады. Бұл экологиялық таза ғана емес, сонымен қатар денсаулыққа пайдалы, өйткені ағаш құрамының бактерияға қарсы қасиеттері бар.

Африканың кейбір мектептерінде балалардың арнайы мектеп гигиенасы туралы сабақтары бар, олар әдетте қол гигиенасы сабақтары болып жазылады. Мұғалім ауруды емдеу үшін қолды сабынмен қалай дұрыс жуу керектігін көрсетеді. Бұл әсіресе таза ауыз суы жоқ аймақтар үшін маңызды болып саналады.

Кореяда теңіз суынан жасалған бет маскалары танымал. Көптеген мектеп оқушылары мұндай маскалар теріні ылғалдандырып, оны балғын етіп көрсетуге болатынын біледі. Ал теңіз сулары теріні нәрлендіретін заттарға бай.



Ойна да ойла!

Жұпта жеке гигиена талаптарын қайталаңдар. Содан соң ойынды шарты бойынша топтарға бөлініп орындандар.

Жеке гигиена ережелері:

1. Тамақ ішер алдында, дәретхананы пайдаланғаннан кейін және жануарларды ұстасаң т.б. қолыңды жу.
2. Тісіңді күніне кемінде екі рет тазала және тіс дәрігеріне үнемі бар.
3. Үнемі душ қабылдау немесе шомылуды естен шығарма.
4. Киімді, әсіресе іш киімді үнемі ауыстырып жүр.
5. Үйің, төсек-орның, жұмыс орныңды таза ұста.

Рөлдік ойын Сценарий бойынша әр топтан бір оқушы қандай да бір гигиеналық дағдыны орындауды (мысалы, серуендеуден кейін қолды жуу, мысықпен ойнаған соң тамақ ішу, бояуды жумай тамақ ішу т.б.) «ұмытып кеткен» болып шығады. Ал, әр топ оқушының осы әрекеттерінің теріс нәтижесі мен тазалық сақтау маңыздылығын түсіндіруі керек. Әр топқа қажетті рөлдерді (дәрігер, ата-ана, мұғалім т.б.) өздерің ойластырыңдар.



Өзіндік жұмыс

Зерттеу жұмысын жаса.

Нашар гигиеналық стандарттар мен әдеттерге байланысты қандай аурулар немесе денсаулық проблемалары туындайды? Өзіндік зерттеу жасап, қысқаша есеп ұсын.



Біліміңді тексер!

Тақырыптағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?

Гигиена, гигиенаны сақтау дегенді қалай түсінеміз?

Денсаулық пен сұлулық құпиялары қандай жағдайға байланысты?

§ 14.

Үй-жайлардағы қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидалары

● Меңгерілетін білім:

- Үй-жайлардағы қауіпсіздік қағидалары деген қандай ұғым?

● Кел, ойланайық!

- Қауіпсіздік қағидалары туралы түсінігіміз артты.
- Қауіпті жағдайлар түрлерін ажыратамыз.



Түйін сөздер

Қауіпсіздік, ереже, өрт қауіпсіздігі, жарақат алу, ас үйдегі қауіпсіздік



Маңызды ақпарат

Желдету және ауаның сапасы денсаулық үшін өте маңызды.

Химиялық заттарды қолданғаннан кейін немесе тағам дайындағаннан кейін бөлмені үнемі желдетіп отыру керек.

Үйінде көміртегі тотығы мен түтін детекторлары бар екеніне және олардың жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізу маңызды.

Адамның ең көп болатын мекені – әрине, өз үйі. Үй – жұмыстан немесе мектептен келіп, отбасы мүшелері қауышатын қуаныш мекені. Егер көп пәтерлі ғимарат болса, онда баспалдақ алаңы мен үй бөлмелерінің, ал жеке тұрғын үй болса, аула мен үйдің қауіпсіздігі өте маңызды. Тап сол сияқты мектептегі бөлме қауіпсіздігі де үнемі ескеретін жай.

Үй-жайлардағы қауіпсіздік қағидалары – үй, мектеп немесе кеңсе сияқты жабық кеңістіктерде адамдардың қауіпсіздігін сақтауға арналған нұсқаулар мен ережелер. Олар өрт, жарақат алу және басқа да қауіпті жағдайлармен байланысты жағымсыз жағдайларды болдырмауға көмектеседі. Көп жағдайда осы сәтсіз оқиғалардың неден басталатынын талдап көрсек:

- Электр қауіпсіздігі. Электр энергиясы – ғажайып қуат, сонымен бірге үлкен қауіп. Ашық сымдармен жанаудан аулақ бол және электр құрылғыларын дымқыл қолмен пайдаланба. Құралды токқа қосатын нүктелерді тым көп құрылғылармен шамадан тыс жүктеме, себебі бұл қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін.

- Өрт қауіпсіздігі. Үй ішінде сіріңкемен немесе оттықпен ойнама. Егер сен майшам қолдансаң, жақын жерде жанғыш заттардың жоқтығына көз жеткіз (16-сурет). Өрт сөндіргіштің қайда екенін және оны қалай пайдалану керектігін біл. Өрт шықса, тиісті орынға хабарлауды ұмытпа.

- Ас үйдегі қауіпсіздік. Ас үй ыдыстары, әсіресе өткір пышақтар мұқият пайдалануды қажет етеді. Қосулы тұрған пешті ешқашан қараусыз қалдырма.
- Химиялық қауіпсіздік. Көптеген тұрмыстық химиялық заттар отқа тиіп кеткен жағдайда қауіпті болуы мүмкін. Оларды оттан алыс жерлерде сақта. Тазалау құралдарын пайдаланған кезде әрқашан нұсқауларды мұқият оқып шық және ережені ескере отырып орында. Сонымен қатар құлап, дене жарақатын алмауда маңызды. Бөлмеде май немесе су төгіліп тайғанау болмауына назар аудар. Өзгелерге де қауіпсіз болу үшін, еденге төгілген затты дереу сұрт. Соқтығып қалу, сынса зақым келтірер қатерлі заттарды жолға қойма.



18-сурет. Өрт шығу қаупі бар заттар



Талда!

1. Топтарға бөлініп, сұрақтарға жауап бере отырып, қауіпсіздік туралы пікірлесіндер.
1. Неліктен үйдегі электр сымдары мен розеткалардың жағдайын бақылау маңызды? Оларды дұрыс пайдаланбау немесе олардың тозуы қандай салдарға әкелуі мүмкін?
2. Үйде түтін немесе өрт болған кезде қандай әрекеттер жасау керек? Неліктен тез және мұқият әрекет ету маңызды?
3. Неліктен еденге сұйықтық төгілсе, дереу назар аудару маңызды?

4. Неліктен жұмыс істеп тұрған электр құрылғыларын қараусыз қалдыруға болмайды? Бұл принцип бұзылған жағдайда қандай жағдайлар туындауы мүмкін?
5. Әрбір үйде қандай алғашқы көмек құралдары болуы шарт? Қажет болса, оларды қалай дұрыс пайдалануға болады?

2. Бейнежазбаны көріп, өрт шыққан жағдайда қандай әрекет жасау керек екенін талдаңдар.



Қызықты ақпарат

Жапония. Жиі болатын жер сілкіністеріне байланысты жапон балалары жер сілкінісі кезінде терезелерден алшақ жүруді және үстелдер мен жиһаз стендтерінің астына тығылуды үйренеді. Мектептер мұндай жағдайларда жүйелі түрде оқыту жүргізеді.

Көптеген жұмыс орындарында, әсіресе мектептерде, бөлмені көше кірімен ластамау үшін аяқкиімді басқа аяқ киімге айырбастау әдетке айналған.

Финляндияда балалар ерте жастан үнемі саунаға баруға әдеттенеді. Оларға саунадағы қауіпсіздік ережелері ерте жастан үйретіледі, температураны бақылау және ыстықта болу ұзақтығы туралы арнайы білім алады.

Австралияда жануарлар көп болғандықтан, балалар үйден немесе мектептен өрмекші немесе жылан тауып алса не істеу керектігін арнайы үйренеді.

Чили сейсмикалық белсенді аймақ болып табылады. Сондықтан мектеп балаларына жер сілкінісі кезінде не істеу керектігі, мектепте және үйде төтенше жағдай кезіндегі сақтану шараларын үйретіледі.



Ойна да ойла!

«Үй-жайлардағы қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидалары»

Топтарға бөлініп, жағдаяттарды қарастырыңдар.

1-топ. *Қауіпсіз мінез-құлыққа жаттығу.*

Топ әртүрлі жағдайлар суреттелген карточкаларды алады (мысалы, «сен газдың иісі шығып тұрғанын байқадың»). Оқушылар бөлменің орналасуына қарай берілген жағдаятта қалай дұрыс әрекет жасау керектігін баяндайды.

2-топ. *Электр аспаптарын қауіпсіз пайдалану.*

Электр розеткасын пайдалануға байланысты әртүрлі жағдаяттар ұсынылады (дымқыл қолмен пайдалану, зақымдалған кабельді пайдалану және т.б.). Топ қандай әрекеттер қауіпті және неліктен екенін түсіндіреді.

3-топ. *Талқылау.*

Топ мүшелері үйдегі қауіп-қатерге тап болған жағдайларын және тығырықтан қалай шыққаны туралы оқиғаларды ортаға салады. Топ бұл қауіптің қалай алдын алуға болатынын талқылайды.



Өзіндік жұмыс

1. Мақалдың мағынасын түсіндір.

Сақтықта қорлық жоқ.

Қазақ халқының мақалы.

2. Жүппен жұмыс. «Қауіпсіз мектеп» жобасын дайындаңдар.

Өз мектебінде қауіпсіздік аудитін жүргіз: өрт сөндіру құралдарының болуын және жұмысқа жарамдылығын, едендер мен баспалдақтардың жағдайын және т.б. тексеріңдер. Тексеру нәтижелері бойынша қауіпсіздік қағидаларына жасайтын ескертулер мен ұсыныстарыңды жазып, есеп құрастыр.



Білімді тексер!

1. Тақырыптағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Үй-жайлардағы қауіпсіздік қағидалары нені қамтиды?

5-БӨЛІМ.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Досым, бұл бөлімде:

туған өлкенің сұлулығын танысың; адам –
табиғаттың бір бөлігі екенін ұғынасың;
экологиялық саяхат туралы түсінік
аласың; «Адам табиғатқа неліктен жау-
апсыз қарайды?» деген сұраққа жауап
іздейсің; жануарларға қорғау туралы ой
қозғайсың.



§ 15.

Туған өлкенің сұлулығы. Адам – табиғаттың бір бөлігі

Меңгерілетін білім:

- Туған өлкенің сұлулығы жайлы не айтар едіңдер?
- Адам табиғаттың бір бөлігі дегенді қалай түсінесіңдер?

Кел, ойланайық!

- Туған өлке сұлулығын құрметтеуді үйренеміз.
- Адам табиғаттың перзенті, бір бөлігі екенін түйсінеміз.

Түйін сөздер

Туған өлке, өлке табиғаты, экологиялық жағдайы. Табиғат, табиғи ресурстар, тиімді пайдалану.

Маңызды ақпарат

Туған өлке – атамекен, өскен жер. Қазақта «кіндік қаны тамған жер» деген қолданыс бар. Адамның дүниеге келген жері әрқашанда өзіне ыстық. Сондықтан да туған жер – әр адам сағынышпен еске алып, оның гүлденуіне қолдау көрсететін сүйікті мекені.

Экология (лат. Oikos – үй, баспана; logos – ілім) қоршаған ортамен қарым-қатынас, ортаға бейімделу заңдылықтары мен биологиялық орта, тіршілік әлемінің, экожүйелер мен биосфераның ұйымдастырылу және қызмет атқару заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Қазақстанның табиғаты алуан түрлі: ширек бөлігін шөл мен шөлейт дала, қалған бөліктерін таулар, теңіздер мен көлдер, жазира дала, жазық алқаптар алып жатыр. Қазақстан табиғатының сұлулығына көз тоймайды. Көне ғасырлар көрінісі – Шарын шатқалы (17-сурет), таңғажайып таңба суреттерге толы Таңбалы жартастары (18-сурет), туған өлкенің жануарлары мен өсімдіктер әлемін танытатын қорықтар мен телегей теңізді күзеткен жартастар (19-сурет), мыңжылдықтардан қалған мұрагер шөлді алқаптың жәндіктері – бәрі тек сол мекенде өскен адамдарға таныс әрі ыстық табиғат.

*Көгінде құн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем,*

деп ақын Өтебай Тұрманжанов жырлағандай, қазақ халқы табиғаттан тағдыр сабағын алып өскен. Тауға қарап биіктікті, жазық далаға қарап кеңдікті, құстарға қарап өн салуды, аққу мен қыранның қимылынан би өнерін үйренген. Атақты уретші

Ә.Қастеевтен шетелдік журналист: «Сурет салуды қайдан үйрендіңіз?» – деп сұрапты. Сонда суретші: «Таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, әжемнің киізінен, ешкінің мүйізінен», – деп жауап берген екен. Осының өзі қазақ халқының табиғаттың үнін тыңдап, мінезін қабылдап өскеніне дәлел сияқты. Бұл сөзімізге ақын Қадыр Мырза-Әлінің:

Табиғаттан бабамыз ала берген секілді,

Дарқандықты қазаққа дала берген секілді.

Еркелікті, ерлікті жерден алған секілді,

Мөлдірлікті көгілдір көлден алған секілді, –

деген өлең жолдары да ой қосып тұрғандай.

Табиғат – ғажайып әлем. Сен туған өлке – солтаңға жайып өлемнің бір бөлшегі, өзің де сол әлемнің бөлігісің. Адамзат – табиғаттың перзенті. Сондықтан, адамның табиғаттан бөлек өмір сүруі мүмкін емес. Ол үшін табиғат – ана, өмір, мектеп. Табиғатты құрметтеп, оның сырын ұғып, сыйын қабылдай отырып, оған қамқорлық таныту – міндетіміз.


Сендер де өз елдеріңнің, аймақтарыңның және тұрған жерлеріңнің табиғи, экологиялық, экономикалық жағдайы жайлы ойланып, жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ете аласыңдар. Ол үшін табиғат ресурстарын тиімді пайдаланып, осы бағытта түрлі жобаларға қатысасңдар болады. Өз туған өлкесінің гүлденуі мен көркеюіне атсалысып, жарқын болашағына үлесін қосу – әр азаматтың парызы!



19-сурет. Шарын шатқалы



20-сурет. Таңбалы жартастары



21-сурет. Ақсу-Жабағалы қорығы



1. Ақпаратты талдап, топтарға бөлініп, «Менің арманымның бағыты» тақырыбында туған өлкелеріңнің туристік картасын жасаңдар.

Елігі елеңдеген, қамысы желмен билеген, қыраны қалықтаған, ботасын ерткен аруана – жерінің киесі болған Ұлы Дала... Төрт аяғын тең басып, құйрығын шаншып, әрі-бері шапқылаған құлынын ерткен жылқыны көргенде сенің де жүрегің атша тулайды. Бәлкім, тап осы құлынның аламанның алды боларын, өзіңнің топ жарған еліңнің дара тұлғасы болатыныңды сезінген боларсың?! Себебі сен – табиғаттың тамырын ұстап, ғарыштың сырын ұққан бабалардың ұрпағысың!

Сен – ҚАЗАҚ деген ұлы халықтың ұрпағысың!


(А.Қыраубаева)

2. Бейнежазбамен танысып, мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар. Неге бала қарсақты далаға жібере салды деп ойлайсың?



Қазақстанда сұлулығына көз тоймайтын, табиғаты әсем жерлер өте көп. Соның бірі – Алматы облысы, Көлсай шатқалындағы Қайыңды көлі. 1910 жылдары болған қатты жер сілкінісінің салдарынан пайда болған. Қайыңды көлі аумағында жеміс-жидектің 70-тен астам түрі, емдік қасиетке бай шетен, долана, итмұрын, тобылғы тағы басқа өсімдіктер көп өседі. Сонымен қатар мұнда түрлі аң-құстар мекендейді. Қайыңды көліне демалуға барған әрбір адамның жүйке жүйесі айрықша дем алып, ерекше күйге бөленеді.

Көкшетау – Бурабай аймағында, Қазақстанның солтүстігінің ең әдемі орны. Бурабайда аңызға толы Жұмбақтас жартасы, Жекебатыр тауы, Оқжетпес шыңы және көптеген көлдер орналасқан.



22-сурет. Бурабай және Қайыңды көлі



Өзіндік жұмыс

Топтарға бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

Топтық тапсырма.

Өз жеріңді мекен ететін құстар туралы зерттеу жұмысын орындаңдар.

Топпен туристік жоспар жасап, зерттеу жұмысын жүргізіңдер.

Туған жер туралы аңыз, тарихи ақпараттар жинаңдар.



Ойна да ойла!

«Жарнама» ойыны

Сынып оқушылары «Таулы өлке», «Жазықтар», «Шөлейтті жерлер», «Орманды дала» деп төрт топқа бөлінеді. Әр топ өз аймақтарына туристерді шақыру үшін, табиғат ерекшеліктеріне сәйкес қызықты жарнама жасайды. Критериалды бағалау арқылы топтар бір-бірін 5–10 балдық жүйе арқылы бағалайды. Ең көп балл алған топ үздік топ танылады. (Бағалау критерийлерін алдын ала оқушылар мұғаліммен бірге ақылдасады).



Біліміңді тексер!

1. Тақырыптағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Туған өлкенің табиғатымен үндестік дегенді қалай түсінесің?

§ 16. Экологиялық саяхат

Меңгерілетін білім:

- Экологиялық саяхат дегеніміз не?

Кел, ойланайық!

- Табиғат пен қоршаған ортаға ұқыпты қарауды насихаттаймыз.
- Түрлі экосаяхаттарды ұйымдастыруды үйренеміз.

Түйін сөздер

Экологиялық саяхат, экологиялық жүйе, туристік индустрия

Маңызды ақпарат

Экосаяхат – туризмнің қоршаған ортаға және жергілікті халыққа теріс әсерін азайтуға, сондай-ақ табиғатты қорғауға және биоәртүрлілікті сақтауға ықпал ететін табиғи орта мен тұрақтылыққа бағытталған туризм түрі. Экологиялық саяхаттар саяхатшыларға тұрақтылық принциптерін сақтай отырып, табиғат пен мәдениеттен ләззат алуға мүмкіндік береді.

Экологиялық саяхаттың (21-сурет) ойын-сауық пен демалысқа бағытталған туризмнен айырмашылығы – экологиялық саяхат табиғат, экосистемалар, биоәртүрлілік және табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану мүмкіндіктері туралы білім беру және ақпараттық бағдарламаларды қамтуы.

Ұлттық қорықтар:

Алматы Ақсу-Жабағылы Алакөл Барсакөлмес Батыс Алтай	Қаратау Қорғалжын Марқакөл Наурызым Үстірт
---	--

Ұлттық саябақтар:

Шарын шатқалы Алтынемел Баянауыл Бурабай Қатонқарағай Жоңғар Алатауы Ұлытау	Көкшетау Көлсай көлдері Қарқаралы Сайрам-Өгем Бұйратау Іле Алатауы Тарбағатай
---	---



23-сурет.

Экологиялық саяхат – табиғат пен қоршаған ортаға ұқыпты қарау принциптеріне негізделген туризмнің бір түрі. Бұл бірегей экожүйелер мен табиғи көрікті жерлерге баруды, сондай-ақ қоршаған ортаға ең аз теріс әсер ететін жергілікті тұрғындармен және мәдениетпен өзара әрекеттесуді қамтиды. Экологиялық саяхатты ұйымдастырудың бірнеше мысалдарына тоқтала кетсек:

Тур түрлері				
Ұлттық саябақтарға	Биоәртүрлі аймақтарға	Жабайы табиғатқа	Оқытуға арналған	Мәдени мұраларға
туристер табиғат пен көркем пейзаждарды тамашалап, табиғи байлығын зерттеп, бағалай алады	тропикалық ормандар, маржан рифтері немесе аралдар сияқты аймақтарға бару. Саяхатшылар өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін көре алады	мұндай турлар жабайы табиғат пен құстарды бақылауға, қорықтарға баруға мүмкіндік береді.	экологиялық жобаларға қатысу, табиғи процестерді зерттеу және зерттеуге қатысу мүмкіндігін қамтиды	туристер жергілікті мәдениетті, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сезінетін жерлерге бара алады.

Экологиялық турлар табиғатқа және жергілікті халыққа жағымсыз әсерлерді азайту және аймақтың тұрақты дамуына ықпал ету үшін жергілікті қоршаған ортаны қорғау заңдары мен ережелерін сақтауға міндетті екенін ескеру маңызды.

Олай болса, экологиялық саяхат ұйымдастыруға сен де атсалыса аласың. Өз өлкеңнің ерекшелігін зерттеп мақала жаз, жоба құр. Достарыңмен бірге экосаяхат картасын жаса. Экологиялық саяхатқа қатысатын туристер табиғат, биологиялық әртүрлілік, экожүйелерді қорғау және сақтау туралы көбірек білуге тырысады. Осыны өздерің жақсы біліп алсаңдар, онда өз жеріңнің көркеюіне үлес қосар едіңдер. «Қызыл кітапқа» енген өсімдігін қайта егу, жәндіктері мен жануарларына қамқорлық жасау, табиғат құбылыстарының ерекшелігіне қатысты зерттеулер жүргізу орынды. Экологиялық саяхаттың негізгі мақсаты – табиғатты қорғауға ықпал ететін және жергілікті қауымдастықтарға қосымша табыс көзін ұсына отырып, олардың дәстүрлері мен мәдениетін дамытуға және сақтауға көмектесетін тұрақты туризмді қолдау. Сен экологиялық саяхат арқылы туристердің экологиялық хабардарлығын арттыруға, табиғи мұраны сақтауға және туристік индустрияның тұрақты дамуына ықпал етесің.

Бұл – сенің туған елге деген сүйіспеншілігіңнің көрінісі.



Ақпаратпен танысып, Интернеттен материалдар қарастырып, жолбарысты өлке болашағы туралы өз ойларыңды айтыңдар.

«Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерваты Қазақстан Республикасы Алматы облысы Балқаш ауданында орналасқан заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 27 маусымдағы № 381 қаулысына сәйкес қалыптастырылды.

Қазақстанда Амур жолбарыстарын Іле атырауына және Балқаш көліне құятын басқа да өзендерге енгізу жобасын қолға алды. Қазақстанда 50 жылдан кейін жолбарыстардың санын 150180 жыртқышқа жеткізу жобасы бар. Жетім қалған Амур жолбарысының шөңжіктерін әкелу жоспарлануда.

Қорықты құрудағы мақсат – жолбарыстарды Қазақстанға қайта жерсіндіру. Қазақстанда жолбарыс 1948 жылы барлық жерде жойылып кетті. Қорықта жалпы ауданы 415 164,2 гектар жер бөлінді. Алайда ғалымдар табиғатта жабайы түрді толық қалпына келтірудің тамаша нұсқасы деп бір миллион гектарды айтады.



Ұлылардың және халықтың нақыл сөздерін оқып, комикс түрінде көрме ұйымдастырыңдар.

1. Қаз келсе, жаз келер.
2. Қасқырлы жердің елі айтақшыл.
3. Қасқырдың өзі қатты, жолы жұмсақ, Қоянның жолы қатты, өзі жұмсақ.
4. Әр таудың түлкісін әдісін білген тазы алады.

Халық нақылдары

Ағаштың жемісін жеймін десең, түбіне балта шаппа.

Сайф Сарай

Дүниенің көрінген не көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды.

Абай Құнанбайұлы



Қызықты ақпарат

Қазақстан. Қорғалжын табиғи қорығына экосаяхат жасап құстарды бақылауға баруға болады. Бұл жерге әлемге әйгілі солтүстік фламингосы ұя салады. Одан басқа, жергілікті көлдерде және далалық қарақұсты, тарғақтар, аққанатты және қара бозторғайларды бақылауға болады.

Ботсвана. Мұнда жабайы аңдар мен саваннаның көп мөлшері бар. Бұл табиғат сүйгіштер үшін жақсы жер.

Белиз. Дайвинг пен шнорклинг өте танымал. Мұнда кит акулаларын және басқа сирек кездесетін балық түрлерін көруге болады. Жергілікті тұрғындар табиғатты жақсы күтеді.

Галапагос аралдары. Аралдар туризмнің жоғары деңгейіне ие, бірақ туристердің экожүйеге әсері аз. Келушілер теңіз арыстандарымен, пингвиндермен жүзе алады немесе жанартауларға экскурсияға бара алады.

Жаңа Зеландиядағы Кайкоуре. Бұрын ол кит аулайтын қала болса, кейін экологиялық туризм жоғары дамыған қалаға айналады. Қалада көптеген экскурсиялар бар. Мұнда жойылып бара жатқан киттердің түрін көруге болады.

Дубай. Бұл жерде жойылып кету алдында тұрған бауырымен жорғалаушылар мен сүтқоректілер көп болатын шөл қорығы бар.



Өзіндік жұмыс

Саяхатшылар клубын құрып, экосаяхат картасын жасаңдар. Сыныпта жасаған экологиялық саяхат картасын пайдаланып, мұғалім жетекшілігімен жақын аймақтарға саяхатқа шығыңдар. Саяхат барысы жайлы күнделік жазыңдар.



Білімді тексер!

1. Тақырыптағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Экологиялық саяхат жайлы не білдің?
3. Өртүрлі елдердегі экосаяхаттар жайлы қандай қызықты мәліметтер білдіңдер.

§ 17.

Адам табиғатқа неліктен жауапсыз қарайды? Жануарларға мейіріммен қарау



Меңгерілетін білім:

- Табиғат алдындағы жауапкершілік дегенді қалай түсінесің?
- Өздерің жан-жануарларға қалай мейірім көрсетесіңдер?



Кел, ойланайық!

- Табиғатқа жауапкершілік болмау себептерін анықтаймыз.
- Жан-жануарларға мейіріммен қарап, қамқор болуды үйренеміз.



Түйін сөздер

Табиғат, жауапкершілік, мейірім, қамқорлық.



Маңызды ақпарат

Пластикалық ластану — су қоймаларының ластануы (өзендерге, көлдерге, теңіздерге антропогендік қалдықтарды тастау), бір реттік пластикалық бөлшектермен, пластикалық торлармен және т.б. судың ластануы.

Табиғат кітаптары – халықаралық табиғатты қорғау одағы (IUCN) әзірлеген қауіпті түрлер мен жануарларды жіктеу жүйесі.

1. **Қызыл кітап (Red List):** жойылып кету қаупі төнген және үлкен қауіп деңгейіне ұшыраған түрлерді қамтиды.
2. **Сары кітап (Yellow List):** қауіп төнуі мүмкін түрлердің алдын ала белгіленуі, бірақ оларды Қызыл кітапқа қосу үшін әлі жеткілікті ақпарат жоқ.
3. **Жасыл кітап (Green List):** жағдайы жақсы және жойылып кету қаупі жоқ түрлерді қамтиды.
4. **Күміс кітап (Silver List):** уақытша қауіп төніп тұрған және арнайы қауіпсіздік пен басқаруды қажет етуі мүмкін түрлерді қамтиды.
5. **Қара кітап (Black List):** бірқатар елдерде аң аулауға және өлтіруге тыйым салынатын түрлерді бөліп көрсету үшін қолданылады.

Жер-ана бәріміздің ортақ үйіміз дейміз. Демек қоршаған орта, табиғатқа да өз үйімізге қарағандай қарауымыз керек қой. Саған мынандай сурет (22-сурет) таныс па? Егер таныс болса, онда бір сәт осының қаншалықты зияны бар екені туралы ойланып көрейік.

Қоқысқа толы демалыс орындары: тамақтан босаған қалбырлар мен

целофан қаптар, пластик ыдыстар толы өзен жағасы, орман іші, жол бойы т.т.

Бір ғана пластик құтылардың зиянын қарастырып көрейік. Пластикалық өнімдерді шығаратын зауыттар жылына атмосфераға 400 млн. тоннаға дейін көмірқышқыл газын шығарады және бүгінде жануарлардың шамамен 800-дей түрінің пластикті жеп қоюына байланысты және пластикпен улану салдарынан жойылып кету қаупі төніп тұр. Бір реттік қалталар қаланың көріз жүйесін толтырып тастайды және су басу қаупін тудырады.



24-сурет.

Осы жағдайлардың «Неліктен адам табиғатқа жауапсыз қарайды?», «Осы жауапсыздық жан-жануарлар өміріне де қауіп екенін неге түсінбейді?» деген сұрақтарды тудыруы заңды. Жауапсыздық себептерін санамалап қарастырсақ:

- Жеке жауапкершіліктің болмауы: кейбір адамдар қоршаған орта мәселелеріне мән бермейді, өйткені олар өз әрекеттерінің тікелей салдарын көрмейді.
- Есеп және өзімшілдік: кейбір (кәсіпкер, бизнесмен, шаруа адамы) адамдар табиғатты тек пайда көзі ретінде көреді, оны пайдалануды ғана ойлайды. Өндірістің қалдық суын өзенге не көлге ағызған, ағаштарды жойған адам өз әрекеттерінің ұзақ мерзімді салдары туралы ойламайды. Олар өздерінің әрекеттері табиғатқа зиян келтіруі мүмкін екенін түсінбейді.

Біз – бір табиғаттың бөлшегіміз. Табиғаттың ластануы – адамдарға да, жануарлар мен өсімдіктерге де зиян. Біз табиғаттың тазалығын сақтауға міндеттіміз. Себебі ол – жер мен ел тағдыры.

Алдыңғы сабақта айтылғандай Іле-Балқаш қамыстарына жолбарыс әкелу орман кермаралдары мен құландарды оралтуға бастау болса, келесі тәжірибе, мүмкін, қодасты өсіріп, жерсіндіруге себепші болар?

Жан-жануарлар мейірім мен қамқорлықты қажет етеді. Таулы өңір аңдары (мәлін, елік, түлкі т.т.) мен дала тағылары да (қоян, қарақұйрық, қарсақ т.т) қыс кезінде ауылға жақындайтын сәттері болады. Адамдардың хайуанаттардың шарасыздығын

пайдаланып, қорлау не өлтіруі сияқты оқиғалар да орын алғанын әлеуметтік желіден көрген боларсың. Онан өзге панасыз қалатын үй жануарлары туралы да естіген боларсың. Демек, бұл бізге тағы жауапкершілік үстейді.

Олай болса, жан-жануарлар әлемімен байланысқа дайын болып, қиын жағдайда қамқорлық жасауға көмектесетін бірнеше әдістермен таныс болу керек:

Ауыл маңынан жабайы аң көрсең тиісті орынға хабарла. Қанша әлсіз болса да, жыртқыш аңға жолама, онымен арнайы мамандар жұмыс істесін.

Су бойына барғанда абай бол. Қоқыс, тікенекті темір, қақпан өзіңе, сонда тіршілік ететін жануарларға залал келтіретінін ескер;

Үй жануарларына уақытымен тамақ, суын бер. Олардың тұратын жерін ыңғайлы ет. Жануарлардың денсаулығына назар аудар.

Жануарларды қорғау акцияларын ұйымдастырыңдар. Жануарлардың әртүрлі ерекше күтім мен назар аударуды қажет ететінін есінде ұста.

Туған өлкенің жануарлар әлемін зерттеп, табиғатты сақтау мен қорғаудың маңыздылығын түсіндіретін, адамзат үшін және жалпы табиғат үшін тұрақты болашақты қамтамасыз етуге бағытталған маңызды шаралар өткізу аса қажет қадам болып табылады.



Қызықты ақпарат

Алматыда өткен Азиада халықаралық ойындарын түлкі де көрермен ретінде қатысқаны туралы VII қысқы Азия ойындарының «Asiada» күнделікті арнайы газеті 9-санында жазды.

Бастапқыда К-125 трамплинінің астында түлкі мекен еткенін құрылысшылар байқаған. Барымен бөліскен адамдардың өзіне жамандығы жоқ екенін сезінген түлкі байқам тірлігін ары қарай жалғастырған.

Азиада ойындары басталғанда аспалы жолдан оның қар бетіндегі айқыш-ұйқыш іздері айқын көрінеді екен. Түнде ғана жортып, музыкалық әуен, адамдар даусы, жанкүйерлер айқайының мәнісін түсінбеген түлкі күндізгі уақытта тығылып жататын көрінеді. Алайда «ағайын болмас аштық» шыдатсын ба? Ақырындап шығып, адамдарға бойын көрсетсе керек. Нағыз түлкіні көру – көрермендер үшін қуаныш.

Адамдардың қамқорлығын сезінген тұлкі «көрермен әрі жергілікті жанкүйер» ретінде шоқиып отырып, трамплиннен секірген спортшыларды тамашалаған екен.

А.Асыл



Талда

Аңыз-әңгімені оқып, баланың әрекетіне өз ойларыңды айтыңдар. «Адам және табиғат» тақырыбында топтар арасында пікірталас ұйымдастырыңдар.

Бір жұлдызды құтқару (аңыз-әңгіме)

Теңіз жағасын жағалап келе жатқан бір кісі бір нәрселерді жерден алып теңізге лақтырып жүрген баланы көреді. Жақындағанда оның толқынмен жағаға шығып қалған теңіз жұлдыздарын құтқармақ болып жүргенін байқайды. Ал көкжиекке дейін созылып жатқан жаға болса, теңіз жұлдыздарына толып-ақ қалған екен.

- Сен не істеп жүрсің? – деп сұрайды әлгі кісі.
- Бұлар ертең су қайтқанға дейін жағада қалып қойса, обал болады ғой, – дейді бала.
- Бұл ақымақтық қой! – дейді қызбаланып әлгі адам.
- Қарашы, олар қаншама, жағада мың емес, миллионы жатыр. Бір өзің ештеңе өзгерте алмайсың, сенің осы жасап жатқан тірлігіңнің мәні бар ма?

Бала жерден келесі теңіз жұлдызын қолына алып, шамалы ойланып тұрып:

- Менің жасаған тірлігімнің мәні мен маңызы өте зор, әсіресе мына бір теңіз жұлдызы үшін, – деп жауап береді.



Есінде сақта!

«Қызыл кітап» ойыны.

Оқушылар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы отырады. Ортадағы торда қызыл кітапқа енген жан-жануарлардың, құстар мен өсімдіктердің суреттері тұрады. Топтар кезекпен суреттерді таңдайды, қарсылас топ сұрақ қояды. Сұрақтарға дұрыс жауап беріп, аң-құстарды, өсімдіктерді тордан көп шығарып, жинаған топ жеңімпаз атанады.



Өзіндік жұмыс

Жергілікті жердегі жан-жануарлар, құстар мен өсімдіктерге қамқорлық жасау жобасын ұсыныңдар.

Қыстап қалатын құстарға арнап ұя жасаңдар.



Біліміңді тексер!

Тақырыптағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?

Жан-жануарларға мейірімділік таныту, қамқорлық көрсетудің қандай әдістері бар?

Табиғат пен адамның қарым-қатынасы туралы өз ойыңды жаз.

Адам – табиғаттың ажырамас бөлігі. Сондықтан халқымызда «Жер-Ана» деген егіз ұғым қалыптасқан. Жерді өз Анасындай, Анасын Күндей қастерлеу Ата қостаған салтымыз. «Жер шоқтығы – Көкшетау», «Жер жаннаты – Жетісу» деп, бабаларымыз туған жерге, табиғатқа деген ыстық махаббатын білдірген.

Апатия (грек. *anatheia* – бейтараптық) – немқұрайдылық күй. Қандайда бір іс-қимылға деген құлшыныстың жоқтығы. Енжарлық, селқостық, сылбырлық, көңілдің еш нәрсеге соқпай, ұнжырғаның түсуі.

Атамекен – атадан балаға мұра болып қалып отыратын, «кіндік қаны тамған» жер. Әуелде жалпы түркі қауымына ортақ «ата» сөзімен бірігіп «ата қоныс» ұғымында түсінілген. Кейін келе мағынасы кеңейіп, «ата-бабалар мекен еткен, олардың өз ұрпақтарына мәңгілікке қалдырған ең асыл мұрасы» деген ұғымды меңзейтін термин түрінде орныққан.

Ауыл – дәстүрлі қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан қауымдастық. Қазақ халқындағы «Ауыл түбі – бірлік, қауым түбі – тірлік» деген мақал ауылдың этникалық, экономикалық және рухани маңыздылығын білдіреді.

Ашу – ыза, кейіс, реніш, араздық түрінде көрініс беретін адам мінезі мен көңіл-күйінің жағдайы. Өзіне әсер еткен қолайсыз нәрселерге жауап ретінде ашулы, ызалы, кекті, қаһарлы түрде көрінеді.

Бақыт – адамның қарапайым сезімдік қанағаттанудан бастап, жоғары психикалық мәнді қуануға дейінгі позитивті әрі жағымды эмоцияларды білдіреді, ол әсіресе өмірге қанағаттану, ауқаттылығы, субъективтілігі, гүлденуі, және эвдаймония күйін қамтиды. Бақыт ұғымы сондай-ақ өмір қызығы мен қуанышына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым ретінде де белгілі.

Биржа (лат. *bursa* – әмиян) – сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы негізінде тауарларды, құнды қағаздарды, сондай-ақ, жұмыс күшін көтерме бағамен сатуды ұйымдастыру түрі; қаржы-сауда мәмілелерін жасау үшін сатып алушылар мен сатушылардың жиналатын орны.

Гигиена (грек. *hygieinos* – дені сау) – денсаулықты сақтау, аурулардан алдын ала сақтану туралы ғылым; медицинаның бір

саласы. Қоршаған ортаның адам ағзасына (денсаулығына, оның еңбек ету қабілеті мен өмірінің ұзақтығына) тигізетін әсерін зерттейді.

Достық – адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі.

Жәбірленуші (ағылш. victim; sufferer; damaged physically; injured; trespassed) – қылмыстық процесте ол жөнінде оған тікелей жасалған қылмыспен моральдық, дене және мүліктік зиян келтірілді деп ұйғаруға негіз бар адам.

Жекжат деген – енді қыз алысып, қыз берісіп бір-бірімізбен туыстық қатынастан, құдалық қатынасқа көшуге жол ашық деген сөз.

Жек көру – сүйкімсіз, мінез-құлқы мен іс-әрекеті жағымсыз адамға қатысты білдіретін көңіл-күйі.

Жолдастық белгілі бір ортақ мүдде, көзқарас және өзара сыйластық, мінез үйлесімділігі, т.б. негізінде қалыптасатын адамдар арасындағы қарым-қатынас түрі.

Зорлық-зомбылық – жеке тұлғаға қол сұқпаушылық, (тәндік және рухани мағынада) туралы азаматтардың құқын бұзатын бір адамның екінші адамға тәндік немесе психикалық ықпал етуі. Түрлі тәсілдермен ұрып-соғу, дене жарақатын салу, азаптау (азапқа салу және денсаулыққа зиян келтіру); адам психикасына қорқыту, тәнге жарақат салу катері жолымен ықпал ету және т.б.

Қанағат – қазақы этномәдени ортада қоғам мүшелері арасындағы әлеуметтік қатынасты реттеуде айырықша рөл атқаратын моральдық-этикалық категория.

Қасиет – адамның не бір заттың өзіне тән сапалық болмысын, ерекшелігін айқындайтын ұғым. 1) Адам бойындағы қасиет жағымды және жағымсыз болып жіктеледі. Жағымды қасиеттер (имандылық, инабаттылық, ізеттілік, адамгершілік, ар-абырой, адалдық пен әділеттілік, т.б.).

Қорқыныш – биологиялық не әлеуметтік тіршілігіне қатерлі жағдаяттарда туындайтын қауіп, қолайсыз эмоция. Қорқыныш бір нәрседен жүрексініп сескенгенде, шошығанда пайда болатын сезім, қауіп-қатер, үрей.

Қорлау – біреудің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсіту. Қылмыстық заңда көпшілік алдында сөз сөйлегенде, көпшілікке

таратылатын шығармада немесе бұқаралық ақпарат құралдарында қорлау түрі жеке тармақ ретінде тұжырымдалған.

Құндылық – белгілі бір заттың маңыздылығы, керектігі. Сырттай құндылық зат не құбылыстың қасиеті болып анықталады. Алайда оның маңыздылығы мен пайдалылығы табиғаттан, нысанның ішкі құрылымының әсерінен емес, адам болмысына енген, адам оған құштар не қажеттілік сезетін нақты қасиеттердің субъективті бағалануынан болады.

Құрбы – жас жағынан қатарлас, замандас адамдар. Құрбылардың бір айда не бір жылда туылып, түйдей жасты болуы шарт емес. Жас жағынан бір-екі кейде үш-төрт жас үлкен немесе кіші де болуы мүмкін. Құрбылар арасында әзіл-қалжың, сыйластық, пікірлестік жағы басым болады.

Құрдас – бір жылы туған адамдар. Кейде құрдас адамдардың туған жылы, айы, тіпті күні де сай келуі мүмкін. Оларды «түйдей құрдас» деп атайды.

Қызғаныш – адамның басқа тұлғаның әрекетіне, мүлкіне, көзқарасына қайшылық сезімінің басым болуы, қабілет-қарым, жетістік, бақытын көре алмауы.

Мейірімділік – адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кеңпейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді.

Отаншылдық, отан сүйгіштік, патриотизм (грек. patris – Отан) – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі.

Ресурстар (фр. ressource – құрал-жабдық, мүмкіндік), **қосалқы қорлар** – табыс, ақшалай және басқа қаражат, құндылықтар мен олардың көздері.

Табиғат – бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, Жер мен Ай, Күн мен алыстағы жұлдыздар, су, ауа.

Табиғат ресурстары – Жер, су, өуе байлықтары, пайдалы қазбалар, орман, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі түріндегі табиғи, экономикалық, өндірістік ресурстар.

Тәуекел – жүзеге асырмақ іс-шаралардың сәтсіз болып шығуының ықтимал қаупі, осындай қауіпке байланысты іс-шаралар.

Техногендік төтенше жағдай – адамдардың өз қолдарымен жасалып жатқан апаттар мен қираулар.

Туған жер – бірнеше ұғымдық мәні бар термин: 1) белгілі бір халықтың иелігіндегі тарихи территория; 2) адамдар туған және әлеуметтану процесі жүзеге асырылған салыстырмалы жабық гео-саяси кеңістік ретіндегі ел.

Туристік индустрия – туристерді орналастыру құралдарының, көліктің, қоғамдық тамақтандыру объектілерінің, ойын-сауық объектілері мен құралдарының, танымдық, сауықтыру, іскерлік, спорттық және өзге де мақсаттағы объектілердің, туристік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ экскурсиялық қызмет және гидтер (гид-аудармашылар) қызметін көрсететін ұйымдардың жиынтығы.

Уақыт – өмірдегі түрлі оқиғалар болмысының жалғасымды тізбегін, ілгері-кейін ретін білдіретін қайтымсыз сабақтастығы, ол өткеннен келеді, қазірді басып өтеді, болашаққа бағытталады. Түрлі өлшемдердің құрамдас мөлшері ретінде уақыт оқиғалардың ретін, ұзақтығын, және олар арасындағы интервалдарды сипаттауға қолданылады.

Экологиялық туризм (фр. tourisme, фр. tour – сейілдеу, сапар) – туризмнің жаңа шыққан түрлерінің бірі; сауықтырушылық, танымдық, қарым-қатынастық қажетсінулер ұштастырылатын, халықтың тынығуға қатысты қажетсінулерін неғұрлым толық қанағаттандыруға мүмкіндік беретін туризм саласы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 68-қосымша.
4. 5-11-сыныптарға арналған «Жаһандық құзыреттілік» курсын әзірлеу – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 400 б.
5. «Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша педагогтерге арналған нұсқаулық. – Астана: Ы.Алтынсарин ат. ҰБА, 2022 – 339 б.
6. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы.
7. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ,101-б.
8. Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 11.01.2007ж., № 217.
9. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсанындағы № 827 қаулысы
10. Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI ҚРЗ.

11. Ақпаратқа қол жеткізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ.
12. 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі
13. Телерадио хабарларын тарату туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 545-IV Заңы.
14. Байланыс туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі N 567 Заңы.
15. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың 2002-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 тамыз N 1037
16. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі.
17. Совет-Хан Ғаббасов «Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі», Алматы: Алматыкітап, 2014.
18. М. Қозыбаев «Ежелгі бірлікті аңсаған» // Қазақтың ата заңдары – Алматы, 2003. – б 254.
19. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев «Қазақ тәлім-тәрбиесі» Алматы, Санат, 1995 ж.
20. М.Жұмабаев «Шығармалар» Алматы, Білім, II-III том, 1996 ж.
21. Әбенбаев С.Ш. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» – Алматы: Дарын, 2004
22. А. Нүсіпоқасұлы, Ә. Жапарұлы. «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін: Халықтық дәстүр тәрбиесі» – Алматы: «Өнер», 2011, 140 б.
23. «Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқыту бойынша оқу құралы / «Атамекен» ҰКП. – Астана: «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2018, – 250 б.
24. Мырзахметов О.Б., Каршалов М.Б. Тіршілік қауіпсіздік негіздері: дәрістер курсы /О.Б. Мырзахметов, М.Б. Каршалов. – Қостанай: ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2019. – 131 б.

Мазмұны

Алғы сөз	4
1-БӨЛІМ. ЭТИКА ЖӘНЕ ӘДЕП	
§ 1. Мен және менің құрдастарым	6
§ 2. Шешім қабылдаймыз. Уақытты бағалауды үйренеміз	10
§ 3. Біз эмоциямызды басқара аламыз. Буллинг деген не?	15
2-БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ	
§ 4. Мен үшін Отан деген не?	20
§ 5. Туған жерге деген махаббат. Туған халқы мен Отанға деген адалдық	24
3-БӨЛІМ. МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ	
§ 6. Интернетте қарым-қатынас жасау ережесі. Менің цифрлық ізім	30
§ 7. Еңбекақы төлеу неге байланысты?	35
§ 8. Отбасының міндетті және міндетті емес шығындары	40
§ 9. Ірі сатып алуларды қалай жасауға болады?	45
§ 10. Отбасы бюджеті дегеніміз не?	50
4 БӨЛІМ. ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ	
§ 11. Менің үйге қайтар жолым	56
§ 12. Құтқару қызметі. Абайлаңыз, күдікті заттар!.....	61
§ 13. Денсаулық пен сұлулық құпиялары немесе гигиена не үшін қажет?.....	65
§ 14. Үй-жайлардағы қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидалары.....	69
5 БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ	
§ 15. Туған өлкенің сұлулығы. Адам – табиғаттың бір бөлігі.....	74
§ 16. Экологиялық саяхат	78
§ 17. Адам табиғатқа неліктен жауапсыз қарайды? Жануарларға мейіріммен қарау	82
Глоссарий.....	87
Пайдаланылған әдебиеттер	91

Оқулық басылым

ЖАҢАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР

Жалпы білім беретін мектептің
6-сыныптарына арналған оқулық

(МАКЕТ)